Өзін-өзі аттестаттау

Астана қаласы әкімдігінің «№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» КММгимназия» КММ

өзін-өзі бағалау жұмысының мазмұны:

№1 бөлім: «Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы»

- Гимназия құжаттарының көшірмелері;
- Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары;
- Гимназияның рұқсат құжаттары;
- Өзін-өзі бағалау комиссияның құрамын бекіткен бұйрық және өзін-өзібағалау жұмысының жоспары;
- Гимназияның паспорты;
- Гимназия туралы қысқаша мәлімет;
- Мектеп-гимназияның 2023-2024 оқу жылына тақырыбы, мақсаты менміндеттері.

№2 бөлім: «Кадрлық әлеуетті талдау»

- 2021-2023 оқу жылдарындағы мектеп-гимназияның педагог кадрларменжасақталғандығы туралы мәліметтер;
- Педагогтердің штаттық кестесі және тарифтеу тізімі;
- Педагогтерге біліктілік санатын беру/растау туралы білім басқармасыныңбұйрықтары;
- Гимназияның басшы кадрлар мен педагогтердің біліктілігінарттыру жөніндегі мәлімет.

№3 бөлім: «Гимназия білім алушылар контингенті»

- 2021-2023 оқу жылдарындағы білім алушылар контингентінің сандыққұрамы:

-ерекеше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар туралы мәліметтер;

-сынып толымдылығы туралы мәліметтер;

-білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәлімет.

№4 бөлім: «Оқу-әдістемелік жұмыс»

- 2021-2024 оқу жылдарындағы мектептің оқу жұмыс жоспарлары, сабақкестелері;
- Гимназияның 2021-2023 оқу жылдарының білім сапасы бойынша салыстырмалы көрсеткіштері;
- мемлекеттік емтихандар;
- Гимназияның 2021-2023 оқу жылының қорытынды талдамасы;
- қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген кестесі;
- вариативті компоненттің әзірленген және бекітілген кестесі;
- Гимназия білім алушылардың субъективті және білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге жәнежалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған **тәрбие жұмысының** жоспары, есебі;
- 2021-2023 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар туралы мәліметтер;
- Профильді оқыту нәтижелері;

№5 бөлім: «Оқу-материалдық активтер»

- Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралымәліметтер (9-қосымша)
- Ғимарат туралы мәліметтер
- Медициналық қызмет көрсету (10-қосымша)
- Бейнебақылау
- Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтануобъектісінің болуы туралы

мәліметтер (11-қосымша)

№6 бөлім: «Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры»

- Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер(12-қосымша)

№7 бөлім: «Гимназия білім алушыларының білімін бағалау»

- Емтихан хаттамасы;
- 4, 9-сынып оқушыларының білім, білік және дағды сапасын бағалаунәтижесі (13-қосымша);

№8 бөлім: «Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы»

- Сауалнама нәтижесі;

№9 бөлім: Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

№10 бөлім: Қорытындылар мен ұсыныстар

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Астана қаласы әкімдігінің «№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» КММгимназия» КММ

Заңды мекен-жайы:

Ғимарат: І.Омаров к-сі, 14

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон 8 7172 25-90 -40

E-mail info@english-school.kz электрондық пошта

https://81aes.edu.kz/ - мектеп сайты

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

«№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия гимназияның директоры- Садыкова Гульнар Дингуатовна Білім басқармасының 2015 жылғы 03 қарашадағы № 841-жқ бұйрығы негізінде тағайындалған.

«№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің 26. 06. 2023 жыл № 9 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар- 49
Кеңес төрағасы: Г.Д.Садыкова
Хатшы: И.К.Сайдуллаева

Күн тәртібінде:

1. «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

Тыңдалды: гимназия директоры Г.Д.Садыкова
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 03 тамыз № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып гимназия қызметін өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кенесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2023 жылдың 01.08-29.08 аралығы болып бекітілсін.
3. Гимназия қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігін анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп,жоспар құрылып берілсін.

Хаттама көшірмесі дұрыс

Пед.кеңес төрағасы
Хатшысы

«№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің 29.08.2023 жыл № 1 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар- 101
Кеңес төрағасы: Г.Д.Садыкова
Хатшы: И.К.Сайдуллаева

Күн тәртібінде:

1. «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы туралы.

Тыңдалды: гимназия директоры Г.Д.Садыкова

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» негізінде өткізілген гимназияның қызметіне өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің қызметіне өзін- өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2023 жылғы **мемлекеттік аттестациялауға дайын** деп атап өтілсін.

2.Өзін- өзі бағалау жұмысы барысында гимназияның оқу - тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен мұғалімдердің кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес педагогтардың даярлығын дамыту жұмыстары жоспарланып бақылауға алынсын.

Хаттама көшірмесі дұрыс

Пед.кеңес төрағасы:
Хатшысы:

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
халықаралық мамандандырылған
гимназия» КММ

Ministry of Education and
Science of the Republic of
Kazakhstan SCE «International
Specialized Gymnasium
№81 Astana English School»
Astana city

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

26.06.2023ж. №128/1-нқ

Аттестаттау жұмысының
комиссиясын
тағайындау туралы

Гиманзияның өзін-өзі атестаттау жұмысын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Аттестаттау комиссиясының құрамы келесі құрамда бекітілсін:

Комиссия төрайымы:
Садыкова Гульнар Дингуатовна – гимназия директоры
Комиссия орынбасары:
Джылыбаева Зауре Жолдыбаевна - директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Комиссия мүшелері :
Кусаинова Зухра Тулегеновна - директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары
Искакова Ажар Кабденовна - директордың шетел тілдері жөніндегі орынбасары
Бәйімбетова Айнұр Аманқызы - директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Тулепбергенова Гульмира Амановна- директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Абдыгалиева Гулим Абдыгалиевна - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Далабайқызы Индира - директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары
Касымханова Нургул Женисовна-қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Мухаметченова Шырын Аскаровна- мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

2. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарлары 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің бірыңғай жоспарына сай құрылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары З.Ж. Джылыбаевага жүктелсін.

Директор **Г.Д. Садыкова**

«Бекітемін»
№81 гимназия директоры
_____ Ж.Ж. Жалдыкова

Мектептің өзін-өзі бағалау жоспары

2023-2024 оқу жылы

Реті	Аткарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Педагогикалық кеңес № 9 1. Аттестаттау комиссиясы құрамын бекіту. 2.Аттестаттау ережесімен таныстыру.	Маусым	Мектеп директоры
2	1. 2023 - 2024 оқу жылында мектепті өзін-өзі аттестаттау туралы бұйрығы.	Маусым	Мектеп директоры
3	4,9-сынып білім алушылардың дерек қорын және компьютерлермен жабдықталуы туралы мәлімет дайындау	Мамыр	Джылыбаева З.Ж Дуйсетаева Ж.А Бәйімбетова А.А Далабайқызы И.
4	4,9 сыныптарда кіріс тестілеуді өткізу	Мамыр	Джылыбаева З.Ж Дуйсетаева Ж.А
5	Аттестаттау комиссиясының отырысы	Маусым	Аттестаттау комиссиясының торайымы
6	Нормативтік құжаттар негізінде мектеп ұжымымен жұмыс жүргізу	Тамыз	Аттестаттау комиссиясы
7	МЖМБС талаптарына сәйкес мектептің жылдық жоспарының болуы	Тамыз	Директордың орынбасарлары
8	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін дайындау	Тамыз	Джылыбаева З.Ж Кусаинова З.Т. Искакова А.К. Дуйсетаева Ж.А. Талканбаева Г.
9	Инварианттық компонент сабақтарының бейнематериалын дайындау	Тамыз	Джылыбаева З.Ж Бәйімбетова А.А Дуйсетаева Ж.А
10	Тәрбие жұмысы бойынша құжаттарды дайындау	Тамыз	Абдыгалиева Г. А. Тайшибаева Г.Н.
11	Мектеп жұмыс нәтижесі, өздік бағалау кестелерін толтыру	Тамыз	Аттестаттау комиссиясы
12	ҰБДҚ , күнделік, тимс, мектеп сайты электронды базасы жұмысын реттеу	Тамыз	Далабайқызы И. Тулепбергенова Г.А. Искакова А.К. Бәйімбетова А.А.
13	Мектептің материалдық-техникалық базасының құжаттарын дайындау	Тамыз	Абдина Г.
14	Медициналық қызмет көрсету құжаттарын дайындау	Тамыз	Чункунова С.Ж.

№81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы

қамқоршылық кеңес отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 04.09.23 жыл
Өткізілген орны: кітапхана
Отырыстың басталуы: 15.00
Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері
Қатыспаған: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Күн тәртібінде:

1. «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы туралы.

Тыңдалды:

№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» ұйымының басшысы білім беру ұйымының өзін өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша камқоршылық кеңес алдында есебі тыңдалды.

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» негізінде өткізілген гимназияның қызметіне өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс қамқоршылық кеңесте шешім қабылданды:

Шешімі:

1. «№81«Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназиясы» КММ-нің қызметіне өзін- өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық деп таңылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы М.Сарбасов

Хатшы: Г.Шайзада

Білім беру ұйымының паспорты

Атауы (жарғы бойынша)	Астана қаласы әкімдігінің «№81Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Үлгісі және түрі	Гимназия
Ұйымдастыру-құқықтық нысаны	Коммуналдық мемлекеттік мекеме
Құрылған жылы	2015 ж
Құрылтайшы	Астана қаласының әкімшілігі
Заңды мекен-жайы	Астана қ., Есіл ауданы, І.Омаров к-сі, 14
Телефон	8 (7172) 25-90-40
E-mail	info@english-school.kz
Интернеттегі сайт мекенжайы	https://81aes.edu.kz/
Басшының лауазымы	директор
Басшының тегі, аты, әкесінің аты	Садыкова Гульнар Дингуатовна
Оқушылардың өзін-өзі басқару формалары	Мектеп Парламенті
Ұйым құрылымы	
Басқару органының атауы және басқару нысаны	Астана қаласы әкімдігінің білім басқармасы Қамқорлық кеңесінің төрайымы Нуртаева Гульзира
Педагогикалық кеңес (алқалы орган)	Төраға- Садыкова Г.Д. ПК мүшелері-мектеп мұғалімдері
Оқушылардың өзін-өзі басқару кеңесі	Оқушылардың мектеп президенті- Замантаев Сұлтан Кеңес мүшелері- 15 оқушы
Электрондық үкімет порталы	https://egov.kz/cms/ru/articles/secondary_school/2Fspisok_wkol_rk

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ МИССИЯСЫ

Халықаралық Бакалавриат Ұйымы өзінің алдына бейбіт түрде халықаралық түсініктер мен құрмет арқылы әлемді жақсартуға көмектесетін зерттеуші, ізденімпаз және қамқоршы жастарды тәрбиелеуді мақсат етеді. Сондықтан Халықаралық Бакалавриат халықаралық білімнің және қатал бағалаудың қиын бірақ қызықты бағдарламаларды мектептермен, үкіметпен және Халықаралық Ұйымдармен жұмыс істейді. Бұл бағдарламалар барлық білім алушыларды әлем бойынша өзге адамдардың өздерінің ерекшеліктерімен дұрыс болуы мүмкін екенін түсінетін, белсенді, ықыласты және өмір бойы оқушы болуға шабыттандырады.

ХБ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ӨЗГЕРТІЛГЕН ASTANA ENGLISH SCHOOL МИССИЯСЫ:

«Astana English School» гимназиясының басты мақсаты – үш тілді ортаны қолдайтын, ізденімпаз,білімді, толерантты және қоғамға пайдасы тиер жастарды тәрбиелеу. «Astana English School» гимназиясы үздіксіз білім беру арқылы әр ұлттың құндылығын құрметтейтін, тұлғалардың дамуына ықпал ететін жан- жақты бағалау арқылы ұлттық және халықаралық стандарттарға негізделген бағдарламаның аясында жоғары сапалы білім берумен қамтамасыз етеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮСІНІК:

«Astana English School» гимназиясы қауымдастығы ұлтына, дініне қарамастан адамдарға құрметпен қарауға ерекше көңіл бөледі. «Astana English School» гимназиясы халықаралық қатынастар тұтастығының маңыздылығын бағалайды және білім алушыларды халықаралық деңгейде ойлана алатын тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

ХБ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ӨЗГЕРТІЛГЕН ASTANA ENGLISH SCHOOL ФИЛОСОФИЯСЫ:

«Astana English School» гимназиясы білім алушыларының рухты, жігерлі, нақты өмірлік сынақтарға дайын жастар екендігіне сенеді. «Astana English School» гимназиясы ұлттық және халықаралық білім берудің жоғары стандартына негізделген білім алушылардың ұлттық және әлемдік деңгейде ойлана алатын тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін академиялық, әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Мақсаты: ***Білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру***

Міндеттері:

- Мектепте мұғалім, оқушы және ата-ана арасында коллаборативті орта қалыптастыруда (танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық) қарым-қатынасты қолдану
- Мұғалімнің кәсіби біліктілігін көтеру және білім алушылардың үздіксіз білім алуына қолдау көрсету
- Оқу мен оқыту дағдыларын білім алушылардың бойында дамыту (Lesson study, Іс-әрекеттегі зерттеу, коучинг, тәлімгерлік (менторинг), тізбектелген сабақтар топтамасы)
- Білім алушыларды сыни тұрғыда ойлауға, ақпаратты және құбылыстарды талдау және бағалауға,өз пікірін дәлелдей білуге дағдыландыру.
- Зерттеу, іс-әрекет жасауда және ойлаудың өзара әрекеті арқылы әділетті баға беру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

БСН 150840022316
бизнес-сәйкестендірме нөмірі

Астана қаласы *11.04.2023 ж.*

Атауы: **Астана қаласы әкімдігінің "№ 81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Орналасқан жері: **Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Ілияс Омаров көшесі, 14 ғимарат.**

Басшы: **Садыкова Гульнар Дингуатовна**

Құрылтайшылар (қатысушылар): -

Анықтама Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелгенін растайтын құжат болып табылады

Басшының орынбасары **Е.Холмецкая**

Берілген күні: **11.04.2023 ж.**

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АСТАНЫ

СПРАВКА
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИИ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

БИН 150840022316
бизнес-идентификационный номер

город Астана *11.04.2023 г.*

Наименование: **Коммунальное государственное учреждение "Международная специализированная гимназия № 81 Astana English School" акимата города Астаны**

Местонахождение: **Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Нұра, ул. Ілияс Омарова, здание 14.**

Руководитель: **Садыкова Гульнар Дингуатовна**

Учредители (участники): **-**

Справка является документом, подтверждающим государственную перерегистрацию юридического лица, в соответствии с законодательством Республики Казахстан

Заместитель руководителя **Е.Холмецкая**

Дата выдачи: **11.04.2023 г.**

АСТАНА
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АСТАНЫ»

АКИМАТ
ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

03.11.2015

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 841-л/с

город Астана

Жұмысқа қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 33-бабына, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 849 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу» Ережесіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы бойынша өткен конкурстың оң нәтижесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Гульнар Дингуатовна Садыкова, еңбек шарты негізінде Астана қаласы әкімдігінің Дарынды балаларға арналған № 81 Astana English School гимназиясы директоры лауазымына 2015 жылғы 03 қарашасынан тағайындалсын.

Негіздеме: өз өтініші, 2015 жылғы 19 қазандағы конкурстық комиссия отырысының № 13/1 хаттамасы, 03.11.2015 ж. еңбек шарты.

Басқарма басшысының
міндетін атқарушы **Б. Сматаева**

0018442

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2023 ж. «11» 04 жылғы
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2015 жылы 27 07
БСН 150840022316

«Астана қаласының Активтер
және мемлекеттік сатып алу
басқармасы» ММ
2023 жылғы «21» сәуірдегі
№ 487/0 бұйрығына
42 - қосымша

Астана қаласы әкімдігінің «№ 81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» коммуналдықмемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «№ 81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) мекеменің ұйымдастырушылық - құқықтық нысандағы білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды балаларға арналған № 81 Astana English School гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 27 тамызда № 107 - 1495 қаулысының негізінде құрылды.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 4 наурызда № 107 -669 Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 81 Astana English School мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

4. Мекеме Халықаралық Бакалавриат Ұйымының Орта буын бағдарламасына (негізгі орта білім) арналған уәкілетті IB World SCHOOL мектебі болып табылады.

5. Мекеменің құрылтайшысы, сондай-ақ оған қатысты оның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Астана қаласының әкімдігі (бұдан әрі - әкімдік) болып табылады.

6. Мекемеге басшылықты жүзеге асыратын орган «Астана қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады.

7. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы», т.б. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны негізге алады.

8. Мекеменің толық атауы: Астана қаласы әкімдігінің «№ 81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9. Мекеменің қысқартылған атауы: Астана қаласындағы «№ 81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» КММ.

10. Мекеменің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қаласы, Нұра ауданы, Ілияс Омаров көшесі, 14 ғимарат.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

11. Мекеме мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқықтарына ие болады.

12. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында есеп шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

13. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

14. Мекеме өз міндеттемелері бойынша кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауаптылықты тиісті бюджет қаражаты есебінен әкімшілік - аумақтық бірлік шешетін болады.

15. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мақсаттары, міндеттері мен түрлері

16. Мекеменің тәрбиелік және педагогикалық қызметі оның мазмұнымен, мақсаттарымен, міндеттерімен және Жарғыда бекітілген қызметімен, сондай-ақ Уәкілетті орган арқылы мекемеге әкелінетін мемлекеттің бұйрықтарымен айқындалады.

17. Мекеме қызметінің мәні:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту бағдарламаларын, балаларды мектепке (бес жастан бастап), бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беруге мектепалды даярлау, сондай-ақ халықаралық стандарттар бойынша негізгі орта білім беруге арналған IB халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру ;

2) азаматтардың білім алуына әлеуметтік кепілдіктер мен конституциялық құқықтарды қамтамасыз ету, қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына

бөлінген пәндер бойынша жеке оқушылармен қосымша сабақтарды ұйымдастыру, пәндер бойынша оқушылармен тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру (пәндер және пәндер циклі);

3) ең қабілетті және дарынды оқушылардың жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын сапалы игеру үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

4) жалпы білім беру үдерісінде отандық және шетелдік озық тәжірибені пайдалану, педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық қызметін арттыру;

5) оқу іс-әрекетіне қабілетті дарынды балаларды анықтау;

6) жан-жақты, зерттеушілік қабілеті жоғары, мәдениеті жоғары, мамандықты саналы түрде таңдайтын, жоғары оқу орындарында өз бетінше шығармашылық білім алатын жеке тұлғаны қалыптастыру;

7) оқушылардың бойында азаматтық және патриоттық сезімдерін, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге, кез келген конституциялық емес және қоғамға жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу;

8) тұлғаның толыққанды дамуы үшін оқушының отбасымен қарым - қатынас жасау.

18. Мекеме қызметінің мақсаттары:

1) білімге құштар, білімді, толерантты және қамқор жастарды, үш тілді ортаға қолдау көрсете алатын ұрпақты тәрбиелейтін Мекеме Ұлттық халықаралық стандарттар негізінде, уақыт талабына жауап беретін және мұқият әзірленген, жеке тұлғаның дамуына және мәдениетаралық түсініскке ықпал ететін бағдарламалар арқылы жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етеді;

2) білім беру, мақсаты ізденістерді ұйымдастыру, дамыта оқытудың жаңа мазмұндағы жоспары, оны енгізудің нысаны мен әдісі, эксперименттік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын және оқу мен факультативтік курстарды сынақтан өткізу болып табылады;

3) мекеме жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдай жасау;

4) қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімделуге қабілетті дербес, үйлесімді дамыған шығармашыл тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау;

5) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету.

19. Қойылған мақсаттарға жету үшін Мекеме мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту;

2) оқушылардың қабілеттерін анықтау және дамыту;

3) педагогика, жалпы және даму психологиясы, отбасы және тәрбие мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялар ұйымдастыру;

4) оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, мәдени іс-шаралар өткізу;

5) ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

6) олимпиадаларға, конференцияларға, конгресстерге және Қазақстан Республикасының және шет елдердің білім беру және мәдени мекемелерімен ынтымақтастықтың басқа да форумдарына қатысу;

7) балаларды (бес жылдан бастап) мектепалды білім беруді ұйымдастыру және енгізу;

8) жыл сайынғы есеп беру (күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша) сапасын бағалау және мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық форматта орындалу мерзімдерінің сақталуын бақылау және қадағалау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру қызметін көрсету;

10) жалпы білім беру мекемелерінде ұзартылған күн тобында үйренушілердің тәрбиесі мен мазмұны.

Мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

20. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқындалған немесе бастықтың жарғылық құзыретінің бұзылуымен анықталған қызметтің мақсаттарына қайшы келетін мәміле уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе прокурордың талаптары бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

21. Мекеме басшысының жарғылық қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттеріне қайшы келсе, еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

4. Мекемедегі оқу үдерісін ұйымдастыру, жұмыс тәртібі Мекеме іске асыратын білім беру оқу бағдарламалар мазмұны

22. Оқу үрдісінің негізгі қатысушылары - оқушылар, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері және гимназия қызметкерлері.

23. Мекемеде оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жеке пәндерді ағылшын тілінде оқытуға болады. Оқу-педагогикалық құжаттама мемлекеттік тілінде жүргізіледі. Мұғалімдер бағдарламаларды және олардың шығармашылық өтінімдерін таңдауға құқылы.

24. Мекемеде білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік стандарттарына және халықаралық білім беру бағдарламаларына сәйкес дербес әзірленетін оқу жоспары мен мекеме басшысы бекіткен бағдарламалар негізінде жүзеге

асырылады. Мекеме білім беру процесінің тиімділігін ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдауды, талдауды және бағалауды, педагогикалық кадрлардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау мен таратуды қамтамасыз етеді.

25. Білім алушылардың оқу жүктемелері Денсаулық сақтау органдарының ұсынымдарымен анықталған рұқсат етілген шекті жүктеме нормаларынан аспауы тиіс.

26. Білім беру процесінің негізгі ұйымы оқу - тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

27. Жеке пәндерді оқыту үшін бөлінген сағаттардың саны (пәндердің циклы) мемлекеттік стандартты оқу жоспарымен анықталған сағаттардың санынан аз болмауы керек.

28. Мекеме келесі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы (балаларды (бес жастам) мектепке оқытуға мектепалды даярлау) балалардың білімін, іскерлігін және дағдыларын, жеке және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ұлттық дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген патриотизмді және толеранттылықты тәрбиелеуге, сондай - ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік - психологиялық, жеке, ерік-жігерлік, дене бітімі және зияткерлік дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі (балаларды мектепке оқытуға мектепалды даярлау) - бір жыл.

2) Бастауыш білім беру деңгейінің, 1-4 сыныптардың оқу бағдарламасы баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетінде оң уәждемесі мен іскерлігін: оқудың, жазудың, есептеудің берік дағдыларын, тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруды, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі түзетуді өзін-өзі бақылау білігін дамытуға бағытталған негізгі дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілеттерінің дәрежесін анықтауға бағытталған.

Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - төрт жыл.

Бастауыш білім беруді халықаралық білім беру стандартына көшуге дайындаумен байланысты мекеме халықаралық білім беру бастауыш мектебінің IB бағдарламасын игеруді жүзеге асырады.

3) Негізгі орта білім беру деңгейінің оқу бағдарламасы, 5-9 сыныптар IB халықаралық білім беру бағдарламасын меңгеруді, Middle Years Programme (негізгі орта білім беру) үшін білім алушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгеруін, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауы мен өзін-өзі іске асыруын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейіналды даярлықты іске асыруды, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етеді.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Халықаралық Бакалавриат жүйесі бойынша білім беру:

- оқушыға бағытталған - білім алушыларг бағытталған IB бағдарламалары салауатты қарым-қатынасты, моральдық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді және өздерін көрсетуге мүмкіндік береді;

- оқыту мен оқытудың тиімді әдістерін дамытады-IB бағдарламалары оқушыларға академиялық және жеке табысқа қажетті көзқарастар мен дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі;

- жаһандық контексте әрекет етеді-IB бағдарламалары тілдерді білу мен мәдениеттерді түсінуді тереңдетеді және жаһандық маңызы бар идеялар мен проблемаларды зерттейді;

- материалдың едәуір көлемін қамтиды-IB бағдарламалары кең және теңдестірілген, тұжырымдамалық және интеграцияланған оқу жоспарларын ұсынады.

Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - бес жыл.

4) жалпы орта білім беру деңгейінің оқу бағдарламасы, 10-11 сыныптар білім алушылардың бейіндік мамандыққа дейінгі даярлығын жүзеге асыру үшін білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық - гуманитарлық және өзге де оқыту бағыттары бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, кіріктіру және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген бағдарламаны игеруді қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-екі жыл.

29. Оқыту критерийлері оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық жетістіктерінің қалыптасуын бақылау мен бағалауда қалыптасады, мектептегі психологиялық және ақпараттық - аналитикалық қызметтерді білім беру процесіне қатысушылардың психикалық денсаулығын және ақыл-ой мүмкіндігін диагностикалау, алдын-алу және түзету жұмыстарына тарту, оқытудың объективті нәтижелері мен мұғалімдердің кәсіби қызметіне ықпал етеді.

30. Оқушылардың шамадан тыс жүктелуінің алдын алу мақсатында оқу жоспарының вариативтік компоненті жұмыс күнінің екінші жартысында ішінара жүзеге асырылады.

31. Мекеменің оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің стандарттарына негізделген және тұжырымдамалық оқытудың негізгі стратегиялары арқылы Халықаралық Бакалавриаттың білім беру жүйесіне бейімделген. Жаратылыстану-математика бағытындағы (математика, информатика, физика, химия, биология) бірқатар пәндер бойынша, сондай-ақ өнер аясындағы (Драма, Арт) пәндер ағылшын тілінде оқытылады.

32. Мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға, сондай-ақ мекеменің тіл саясатына сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуді және дамытуды, сондай-ақ орыс, ағылшын, қытай тілдерін оқып үйренуді қамтамасыз етеді.

33. Оқушылардың сабақ режимі:

1) оқу жылы бірінші қыркүйектен басталады және оқу жоспарына сәйкес аяқталады;

2) оқу жылының, оқу аптасының ұзақтығын, демалысты өткізу мерзімдерінің ұзақтығын Уәкілетті орган, Мекеменің басшысы бекіткен жылдық күнтізбелік оқу кестесімен белгілейді;

3) Мекемеде оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 31 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді. Бірінші сынып оқушылары үшін қосымша апталық демалыстар белгіленеді;

4) мекеме-бес оқу аптасынан бастап екі демалыс күнімен ұзартылған толық күндік мектеп. Мекемеде білім алушылар бір ауысымда оқиды. Күннің бірінші жартысында оқушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алады, күннің екінші жартысында оқу жоспарының вариативтік бөлігі орындалады, сондай-ақ ақылы қосымша білім беру қызметтері (үйірмелер, спорт секциялары, үй тапсырмаларын орындау, ағылшын тіліндегі курстар) көрсетіледі;

5) сабақ тәртібі, сабақтардың ұзақтығы және олардың арасындағы үзілістер мекеме басшысы бекітетін сабақ кестесімен және күн режимімен белгіленеді.

34. Оқушылар үш рет ыстық тамақпен, оқушылардың санитарлық - гигиеналық нормаларын және күн тәртібін сақтаумен қамтамасыз етіледі.

35. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, өткізу нысандары мен тәртібі:

1) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау форматында жүзеге асырылады. Білім алушыларды балл түрінде жиынтық бағалау нәтижелері Журналға (қағаздағы электрондық) шығарылады және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ мекеменің Халықаралық

Бакалавриат стандарттары бойынша Бағалау саясаты бойынша баллдарды ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық, семестрлік және жылдық бағаларға ауыстырылады;

2) әрбір тоқсанның соңында 2-4, 10-11 сыныптарда аралық бағалар, екінші жартыжылдықтан бастап - 1-сыныптарда, ал тоқсандық белгілердің қорытындысы бойынша-жылдық бағалар шығарылады;

3) әр семестрдің соңында 5-9 сыныптарда аралық бағалар шығарылады;

4) жылдық бағасы бар 2-8 (9) және 10(11) сыныптардың білім алушылары үшін «2» бір немесе екі пән бойынша оқу жылындағы материалдың мазмұнын қамтитын оқу жылына жиынтық бағалау ұйымдастырылады;

5) қорытынды баға жақын бүтін санға дөңгелектене отырып, жылдық бағалаудың және оқу жылы үшін жиынтық бағалау бағасының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады;

6) үш және одан да көп пәндер бойынша «2» бағасын қайта алған 2-8 (9) және 10 (11) - сыныптардың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылады;

7) баға алған кезде «3», «4», «5» 2-8 (9) және 10 (11) - сыныптардың білім алушылары келесі сыныпқа ауыстырылады;

8) бір немесе екі оқу пәні бойынша "2" бағасын қайта алған 2-8 (9) және 10 (11) - сыныптардың білім алушылары осы пәндер бойынша оқу жылы үшін қосымша жиынтық бағалауға жатады;

9) қорытынды баға жылдық бағалаудың және жақын бүтін санға дөңгелектеп, қосымша жиынтық бағалау үшін бағалаудың орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады;

10) қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылы басталғанға дейін жүргізіледі;

11) қосымша жиынтық бағалау үшін «2» бағасын алған жағдайда білім алушылар қайта оқуға қалдырылады;

12) 1-сынып білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылмайды;

13) мекемеде негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізілетін бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. IB Middle Years Programme бағдарламасы бойынша 9-сыныпты аяқтағаннан кейін оқушылар IB CERTIFICATE - аға буын бағдарламасынан ресми халықаралық құжат алады. Аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мекеменің мөрімен расталып белгіленген үлгідегі аттестаттар беріледі;

14) негізгі орта білімнің жалпы білім беру бағдарламасын игеру барысында ерекше жетістіктерге жеткен мектеп бітірушілеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жалпы орта білім берудің үздік аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, «Алтын белгі» немесе үздік аттестаттар беріледі;

15) педагогикалық кеңестің шешімімен оқу жылының бағдарламасын сәтті меңгерген және ауыстыру немесе қорытынды емтихандарын тапсырған оқушылар келесі сыныпқа ауыстырылады;

16) алдыңғы деңгейдегі жалпы білім беру бағдарламасын меңгермеген білім алушылар жалпы білім берудің келесі сатысында оқуға жіберілмейді.

36. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы ішкі бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды мекеме білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Үлгілік қағидаларға сәйкес дербес жүзеге асырады.

Білім алушыларды ішкі аралық аттестаттауды өткізудің пәндер тізбесі мен нысандарын оқу жоспарына сәйкес мекеме белгілейді және оқу процесінің кестесіне енгізіледі.

Мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен имандылықты қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

37. Мекемедегі білім беру мен тәрбиелеу жүйесі діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға бірдей танылған қағидаттарына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

5. Мекемені жабдықтау тәртібі

38. Мекеме оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасы Заңына, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына, Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ олардың негізінде әзірленген мекеменің осы Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

39. Оқуға қабылдау кезінде оқуға түсушілер тестен өтуі тиіс:

1) мектепалды және 1-сыныпқа түсу кезінде балалар психологиялық тестілеуден өтеді;

2) 2-11-сыныпта: ағылшын тілі бойынша әңгімелесуден өтеді, ол - оқытушылармен оқушыға жақын және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесуді, грамматикалық әңгімелесуді, Екінші шет тілі бойынша тестілеуді, қазақ тілі мен математикадан тестілеуді қамтиды.

40. Тестен өткеннен кейін және мекеменің ішкі ережелерін сақтау:

1) мекеменің қабылдау комиссиясы баланың тиісті сыныпқа оқу тестінен өту нәтижелері туралы хаттама жасайды;

2) тестілеудің оң нәтижелері жағдайында білім туралы құжаттары, денсаулық жағдайы туралы анықтама - № 063 /е нысаны, 026 / Е - 3 нысаны

«баланың денсаулық паспорты», туу туралы куәлік немесе жеке куәлік, көлемі 3 х 4 фотосурет (2 дана), қоса беріле отырып, оқушылардың ата-аналарының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) жазбаша өтініші негізінде басшының бұйрығымен рәсімделеді;

3) мекеме оқуға түсушіні, оның ата-анасын (заңды өкілдерін) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелерге қабылдау ережелерімен, сондай-ақ халықаралық бағдарламалармен, осы Жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстырады;

4) мекеме мен ата-аналар (заңды өкіл) арасында ақылы білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасалады.

41. Бастауыш, негізі орта, жалпы ора білім беру ұйымдары арысынада балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы «Бастауыш, негізі орта, жалпы ора білім беру ұйымдары арысынадабалаларды аустыру үшін қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда).

42. Оқушыларды қабылдау, сыныптан сыныпқа ауыстыру және оқудан шығару мекеменің Жарғысына сәйкес оқу үлгерімінің нәтижелері бойынша мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

43. Мекеме сыныптарындағы білім алушылардың саны 25 оқушыдан аспауы тиіс.

44. Шет тілдерін, информатиканы, көркем еңбек сабағы және бейіндік пәндерді оқу кезінде сыныптар екі кіші топқа бөлінеді.

Сынипты басқа пәндер бойынша кіші топтарға бөлу қолда бар бюджет қаражаты шегінде мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жүргізіледі және уәкілетті органмен келісім бойынша мекеме басшысының бұйрығымен бекітіледі.

45. Оқушыларды мекемеден шығару мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде және мекеме басшысының бұйрығымен келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) ата-анасының (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша білім алушының басқа оқу орнында білім алуы үшін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес он алты жасқа толғанға дейін балалардың құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, осы Жарғыны өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін.

6. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тәртібі

46. Тегін білім беру қызметтерін көрсетумен қатар мекеме Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы"заңдарына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп зерделеуді ұйымдастыру;

4) әртүрлі іс-шараларды: спорттық жарыстарды, семинарларды, кенестерді, конференцияларды білім алушылар арасында ұйымдастыру және өткізу;

5) үйірме қызметін, ағылшын тіліндегі курстарды ұйымдастыру және өткізу;

6) мекемеде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың, білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, тамақтануын қамтамасыз ету;

7) ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

47. Мекеме мен оқушылардың, оның ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты өзара қарым-қатынастары білім деңгейін, оқу мерзімдерін, оқу ақысының мөлшерін айқындайтын шартпен реттеледі.

48. Мекеме мен оқушылардың, оның ата-аналары мен басқа да заңды өкілдерінің ақылы білім беру қызметін жүзеге асыруға байланысты қарым - қатынасы білім деңгейін, оқу мерзімін анықтайтын келісім-шартпен реттеледі, оқу ақысының мөлшері.

Білім беру процесін қамтамасыз ету шартының тараптары: мекеме әкімшілігі, оның басшысы, ата - анасы немесе олардың заңды өкілдері.

49. Ақылы білім беру қызметтерін мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетуге болмайды.

50. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат білім беру процесіне, оның ішінде оқу жабдығын сатып алуға, мекеме қызметкерлерін әлеуметтік және материалдық қолдауға және оқу процесін қайта инвестициялауға жұмсалады.

7. Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

51. Оқу үрдісіне қатысушылары - оқушылар, педагог қызметкерлер, институттың педагогикалық қызметкерлері және оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері).

52. Мекеменің оқу үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Заңымен «Білім туралы», Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерімен анықталады.

53. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері осы Жарғыда көрсетілген тәртібімен реттеледі.

54. Оқушылардың құқығы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары сапалы білім алу;

2) оқу жоспарына сәйкес қосымша балама курстарды таңдау;

3) қосымша білім беру қызметтерін, ақылы түрде олардың қажеттіліктерін ескере отырып білім алу;

4) ақпараттық ресурстарын ақысыз пайдалану, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын ұсыну;

5) мекеменің басқаруына үлес қосу;

6) бір оқу орнынан екіншісіне ауысып келу және ауыстыру;

7) мекемеде ақысыз түрде спортпен шұғылдану, оқу залдары, компьютерлік сыныптар, мекеменің кітапханасын пайдалану;

8) өз ойын және пікірін еркін білдіру;

9) адамның қадір-қасиетін құрметтеу;

10) ар-намысты, еркіндікті, өз денсаулығын қорғау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да ақпаратты алуға;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін марапаттау және мадақтау.

55. Оқушыларды оқу үдерісінен алшақтатуға, олардың үгіт-насихат компанияларына қатысуға мәжбүрлеп қатысуына және саяси әрекеттерге жол берілмейді.

56. Оқушылар міндетті:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес пәндік білімдер мен дағдыларды, практикалық дағдылар және құзыреттіліктерді меңгеруге;

2) ішкі нормативтерді орындауға, Жарғыда және ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де талаптарды орындауға;

3) өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;

4) басқа оқушылардың, оқытушылардың және мекеменің басқа қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, оларға қатысты дөрекілік пен зорлық-зомбылықты болдырмау, оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

5) себепсіз сабақты қалдырмай, абыроймен оқуға;

6) мекеменің меншігі мен техникалық құралдарын күтіп-ұстауға, қажет болған жағдайда, сыныптық жиһазға кішігірім жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) мүліктік залал келтірілген жағдайда келтірілген шығынды өтеуге;

7) мекеменің қызметкерлерінің Жарғымен және ішкі нормативтік актілермен өз құзыретіне жататын бөліктері бойынша талаптарын орындауға;

8) сабақтарда және сабақтан тыс уақытта (экскурсиялар, жорықтар) өмір - қауіпсіздік ережелерін сақтауға;

9) Мекемеде белгіленген мектептің бірыңғай киім үлгісін, сондай - ақ дене шынықтыру сабақтарында спорттық формасын сақтауға міндетті;

10) Әр оқу жылының соңында оқу орнынан алынған оқулықтарды талапқа сай және жарамды күйде тапсырып, бүлінген немесе жоғалған жағдайда ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) бірге қалпына келтіріп немесе олардың құнын өтейді.

57. Білім алушыларға тыйым салынады:

1) мекемеге (қару, спирт ішімдіктерін, темекі бұйымдарын, улы және есірткі құралдары мен т.б.) жарылысқа және өртке қауіпті кез келген заттарды әкелуге, беруге және пайдалануға;

2) айналасындағылар үшін қауіпті, зардаптарға әкеп соғатын кез келген іс-әрекеттер жасауға (қарым-қатынасты анықтау үшін қорқытып алу үшін дене күшін қолдануға, қорқыту, бопсалау, ұлттық, несілдік және діни араздықты тұтандыру бағытқа насихаттайтын әдебиеттерді көрсетуге);

3) ұялы телефондарды оқу үдеріс кезінде оқытушының рұқсатынсыз пайдалануға;

4) оқу-тәрбие үдеріс кезінде мекеме әкімшілігінің және топ жетекшінің келісімінсіз Мекемеден кетуге.

58. Мекеменің тәртіптілігі тыңдаушылар мен оқытушылардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде жүзеге асырылады. Оқушыларға физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

59. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) және мекеменің арасындағы қатынастар осы Жарғының ережелерімен реттеледі.

60. Ата-аналар (заңды өкілдер) құқығы:

1) баланы оқыту мен тәрбиелеу мәселелерінде білім беру ұйымдарымен өзара әрекеттесуге;

2) ҚР қолданысындағы заңнама шеңберінде оқу процесін жүзеге асыруға қатысуға;

3) ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңестің, ата-аналар жиналысының, педагогикалық кеңестің шешімдерін ескеруге;

4) ата-аналар комитеті арқылы білім беру ұйымының басқару органдарының жұмыстарына қатысуға;

5) білім беру ұйымынан өз балаларының оқу үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

6) балаларды оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі педагогтармен және психологтармен кеңес алуға;

7) олардың балаларына келісім-шарт негізінде қосымша қызметтер алуыға;

8) тікелей араласу құқығынсыз оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қатысуға;

61. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

1) Жарғының, келісім-шарттың және ішкі ережелердің құқықтары мен міндеттеріне қатыстыларды бөліктерді сақтауға;

2) ата-аналар жиналысына қатысу, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие процесі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу және нақты педагогикалық көмек көрсету үшін әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша мекемеге келуге;

3) мектеп формасы туралы ережеге сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) баланың сабаққа келмеу себебі туралы мекемеге хабарлау;

5) егер білім алушы амбулаторлық немесе стационарлық емделуде болса, бірлік жағдайды растайтын құжаттар мен анықтамаларды бере отырып, мекемеге хабарлау;

6) балаға мекемеден берілген мектеп оқулығын (оқулықтар) жоғалтқан жағдайда құнын қалпына келтіру;

7) мекеме оқытушыларына, әкімшілігі мен техникалық қызметкерлеріне құрмет көрсету;

8) оқушыны тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша мұғалімдермен байланыста болу, кері байланыс орнату;

9) білім алушыға қашықтықтан оқыту арқылы нұсқаулықтарды, оқу бағдарламаларын орындау және орнатуда қолдау көрсету.

62. Мекеменің педагогикалық қызметкерлер құқығы:

1) кәсіптік қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, педагогикалық қызметпен айналысу;

2) ғылыми-зерттеу, эксперименталды және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу, педагогикалық практикаға жаңа техника мен технологияларды енгізу;

3) педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен формаларын еркін таңдап алу, егер тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары орындау;

4) мекеменің қызметіне және мамандыққа сәйкес іс шараларға қатысу;

5) мекеменің қызметіне қатысты мәселелерді еңбек ұжымымен талқылау

			Осы айлық аясында 8-11- сыныптар арасында «Қыз қылығымен» тақырыбында аға тәлімгер онлайн дәріс өткізді. Дәріс барысында қыз балалардың қоғамдық ортада өзін қалай ұстауы, киіну әдебі, ұл балалармен араласудағы субординация, ата-анамен қарым-қатынас, құрбылары және жасы шамалас жеткіншектермен араласу кезіндегі түйткілді мәселелерді шешу жолдары талқыланды. «Қыздар гигиенасы» және «Короновирустың алдын алу және вирустық аурулардын сақтану жолдары» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында лекция оқылды. 1-4 сынып оқушылары арасында сынып сағаттарында медбике тарапынан аталған тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 5-11- сыныптар арасында «Жасөспірімдерді интернет желісіндегі қауіптен сақтау үшін ата – ана нені білу керек?» деген тақырыпта ата – аналар жиналысы өтті.
8		**«Қоғамдық тәртіп негіздері»**	«Адал ұрпақ» клубы жоспарына сәйкес гимназияда 19 қараша 9-10 сыныптар арасында дебат үйірме жетекшісі Хафиз Өркен Мұхитұылының ұйымдастыруымен «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы өткізілді.Практикумды жүзеге а сырудың негізгі нысаны пікірталас болды, барысында оқушыларға өз пікірін айту ұсынылды. Қатысушылар 2 топқа бөлінді. 1 тапсырма «Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» ұғымының мағынасын ашу. Неге «тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» мәдениетін құру мұнша маңызды болып табылады? 2 тапсырма «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның және мемлекеттің мемлекеттік қызметшіге артқан сенімін кетіру» пікірін негіздеу. Әр адам не істей алады? Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?

			Пікірталас жоғарғы деңгейде өткізіліп, оқушылар өз ойын жетік жетізе білді.
9		**«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»**	Жалпы құқықтық оқу жұмысының бір бағыты- діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу. 18 қараша күні оқушылар арасында ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді дәріптеу, қазақстандық патриотизмді насихаттау, діни сауаттылықты арттыру мақсатында 5-6- сыныптар арасында «Ұлт достығы- басты байлығымыз», 7-9- сыныптар арасында «Терроризмге жол жоқ!» деген тақырыпта оқушылар суреттер салып, көпшілікке үсынылды. Сынып жетекшілері "Діни экстремизмге байланысты сынып сағаттарын өткізді. Дін істері басқармасының қызметкерлерімен бірге 9-сынып оқушыларымен "ҚР аумағында тыйым салынған діни бірлестіктер" тақырыбында дәріс өткізілді .
10	**«Өнегелі бір сағат» жобасы**	**«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»**	30 қараша күні «Тәуелсіздіктің нұры- тұңғыш Елбасы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында Елбасының өмірін, еңбек жолын таныстырылды.
11	**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы	**«Тәуелсіздік ұрпақтары»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)*	«Тәуелсіздіктің» 30 жылдық мерейтойына орай, гимназияның өнерпаз оқушылары бейнебаян түсіріп, құттықтау челленджін ұйымдастырды. Өткізілген шаралар инстаграм парақшаға жарияланды.

12		**«Бейбіт күннің батыры»** *(Желтоқсан оқиғасына-35 жыл)*	29 қараша күні Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен желтоқсан оқиғасының каһармандары Беккулова Мереке Боранкуловна, Аблыгазина Батима Емильбаевна, Жексембаева Гульзия Адилкызы, Шаимов Жолдыбек Мустафиновичпен мектеп оқушыларымен кездесу өтті.
13	**«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы**	**«Жемқорлықтың тарихи тамыры»**	Мектепте сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған шағымдар мен ұсыныстарға арналған «сенім жәшігі» орнатылған. 2021 жылдың 9 айында ешқандай хат түспеген, мектеп инспекторымен бірігіп, хаттар талданады, түсінік жұмыстары жүргізіледі. Мектепте «Парасатты азамат» тақырыбындағы бұрыш жасақталды. Жыл ішінде 4 рет материалдары өзгертіліп тұрды. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар барысында мектептегі «Адал ұрпақ» клубы қызметінің жұмыстары: Клуб жетекшісі педагог-ұйымдастырушы Хафиз Өркен Мұхитұлы тағайындалды. Мүшелері: 1-11 сынып оқушыларынан -120 оқушы қамтылды. Жоспары жасақталып, бекітілді. «Адал ұрпақ» тақырыбында стенд жасақталды. Стенд 2021 жылдың 9 айлығында 2 рет жаңартылды. Жоспарға сай барлық шаралары уақтылы өткізіліп отыр. «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық» тәрбиелеу мәнінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыруда мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы
14		**«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»**	
15		**«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау»**	
16		**«Құқықтық сауаттылық - заман талабы»**	

			мәдениетті қалыптастырудың көздеген түрлі жоспарлы шаралар өткізілді. Барлық білім беру ұйымдарында ақша жинауды бодырмау, мектеп бітіру мен мерекелерде мұғалімдерге сыйлыққа ата-аналардан, білім алушылардан ақша жинауды болдырмау шаралары үнемі қатаң қадағалауға алынып отыр, бұйрық шығарылып таныстырылды. 1) Мектепке қатысты сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын мәселелер болған жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты барлық 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтіп отырады. Бастауыш сыныптарда адалдық, шыншылдық, әділдік тақырыбында өтсе, жоғары сыныптарда «сыбайластық», «жемқорлық» тақырыбы қозғалды. Барлық сынып сағаттар мектептің инстаграм парақшаларында жарияланды. Мектептердегі сынып сағаттарының және мектепішілік шаралары интернет ресурстарда және БАҚ-да жариялануы көрсетілген ақпарат жинақталған.
2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.			
1	**«Өнегелі бір сағат» жобасы**	**«Ұстаз деген жарқын күні ғаламның»**	 30 қыркүйек күні «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» деген тақырыпта мерекелік концерт болып өтті. Мерекелік концерт мектеп оқушыларынан құралған хормен ашылды. Алғашқы құттықтау сөз гимназия директоры Садыкова Гүлнар Дінғуатқызына берілді. Директор ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, мектебіміздің білім саласына қомақты үлес қосқан ұстаздарды алғыс хатпен марапаттады. Шәкірттер санасына білім сәулесін шашып, ғылымның шырағын жағып жүрген ұлағатты ұстаздарға ақ тілектер мен ыстық ықылас білдірген білім ордасының студенттері мерекелік концерт ұйымдастырып, жиылған қауымға ерекше көңіл-күй сыйлады.

			Мектеп Парламенті өзін- өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» өнеге сабақтары өтілді.
2		1қазан - Қарттар күніне арналған **«Өз жүрегіңмен жылыту»** **«Қарттарым –асыл қазынам»**	1 қазан қарттар күні мерекесіне орай 1-11-сыныптар арасында «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қарттар күніне орай «Мектеп Парламенті өзін –өзі басқару ұйымы «Өз жүрегіңмен жылыту» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

			Бұл шараның басты құндылығы адамға, қарттарға деген сүйіспеншілік. Олардың сұр да сызды өмірлеріне қуаныш әкелу, көңілдерін көтеру, себебі «сүйіспеншілік» атты адамгершілік құндылықтың аясы кең: ол - қайырымдылық, ол - аяушылық, ол - шыншылдық, ол - пайда көздемейтін қызмет, біреудің мұң - зарын түсіне білу, ол- қолы ашықтық. Міне, бүгін біздің оқушыларымыз шын көңілден қарттарға арнап концерт көрсетіп, өз қолдарымен жасаған бұйымдарын сыйға тартты, өздері даярлаған тәтті тағамдардан ауыз тигізді. Олар қарттарға өздерінің сүйіспеншілігін әнмен, бимен, күймен, өз өнерлерімен жеткізді. Шара соңында қарттар оқушыларға өз алғыстарын білдірді. Осындай кездесуді қарттар да, балалар да асыға күтеді деп ойлаймын
3	**«30 игі іс»**	15 қараша-Ұлттық валюта күні **«Теңге – Тәуелсіздік келбеті»** **«Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші»**	15 қараша «Ұлттық валюта» күніне орай мектепте ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, ақша туралы түсініктерін кеңейту мақсатында 5-11-сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Кітапханашылар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Біз оқитын 30 кітап» тақырыбында мектеп оқушыларына 30 кітапты ұсынды. Ол кітаптарды оқудағы мақсат қандай, оқи отырып, өзіңе қандай мәлімет алатындығы атап көрсетілген. Мектептің инстаграм парақшасында жарияланды. «Адал friends» жобасы аясында эстетика пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен АРТ көрмесі қойылды. Онда гимназия оқушылары туған еліне деген ыстық сүйіспеншіліктерін, құрметін сурет арқылы жеткізе білген.
4		**«Біз оқитын 30 кітап»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)*	
5	**«Адал friends» жобасы**	**«Мен және менің елім»**	
6	**«Қамқорлық» жобасы**	**«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»**	

7	**«Адал friends» жобасы**	*«Қамқорлық» акциясы* «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» дебат	Гимназиямызда өзін-өзі басқарудағы дебат фракциясы мүшелерінің ұйымдастыруымен, «Адал friend» жобасы аясында «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» тақырыбындағы дебат ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – жоғары буын және мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту және жандандыру. Алғы сөз ретінде мектеп президенті Замантаева Динара және дебат фракциясының мүшесі Таукен Жанерке оқушыларға тақырыпқа сай ақпарат берді. Алдын ала құрылған дебат топтары тақырып аясында өз ойларын ортаға салды, тіпті бастарынан өткен оқиғаларын да айтты. Шара соңында тақырып қорытындыланып, оқушыларға жемқорлықтың індет екендігі және оның соңы жақсылыққа апармайтындығын түсіндірілді.
8	**«Өнегелі бір сағат» жобасы**	1 наурыз – Алғыс айту күні **«Алғыс – бұл ...»**	1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай «Алғыс- бұл...» тақырыбында мектеп қызметкерлеріне алғыс білдіру челленджі ұйымдастырылды. Инстаграм парақшасына жарияланды.
9		“Ана - гүл, ана - өмір шуағы” мерекелік концерт	8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне аясында “Ана - гүл, ана - өмір шуағы” мерекелік концерт өтті. Қызықты концерттік бағдарлама гимназияның ер азаматтары және өнерпаз оқушылардың қатысумен өтті. Мерекеге жиналған мұғалімдер мен оқушыларды гимназия директоры Гүлнар Дінғуатқызы құттықтап, жылы лебізін білдірді. Концерттік бағдарлама аясында ер азаматтар нәзік жандыларға жылы сөздер айтып, гүл

			шоқтарын сыйға тартты. Ән мен биден шашу шашты. Концерт басында мереке күнінеде әр түрлі олимпиада, ғылыми жоба, өнер, спорт сайыстарында оқушыларды үлкен жетістікке жетелеп жүрген ұстаздар да марапатталды.
10	**«Адал friends» жобасы**	**«Өлкенің гүл жайнаған балғындары»** ***/1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні/***	5 маусым күні «AESCamp» жазғы лагерінің ашылуы салтанаты өткізілді. Салтанатты жиында м ектеп жанындағы сауықтыру лагерінің ашылу мерекесімен гимназия директоры Г.Садыкова құттықтап, оқушыларды лагерьге белсене қатысуларын, бос уақыттарын тиімді пайдалану жолдарын айтты. Топ

			жетекшілері балаларды қызықтырып, ойындар ойнап, сыйлықтар беріп, ән айтқызып, билетіп, қызықты әсерлер оқушылардың естерінде қалатындай ұйымдастырды. Салтанатты жиыннан соң оқушыларды топ жетекшілері және тәлімгерлері белгіленген кабинеттеріне апарып, күн тәртіптерімен таныстырып, кітапхана, мектеп психологтары және медбике топтармен таныстыр. Әрі қарай жоспар бойынша түрлі іс-шаралар өткізіліп, ойындар ойнатылды.
11	**«Адал friends» жобасы**	**«Жазғы демалысқа - жақсы кітап»**	Балаға білім берудің төте жолы – кітап оқыту. Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Кітапқұмарлық балалық шақтан бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан да жазғы демалыста балалардың кітапқа қызығушылығын оятып, керек біліммен сусындатату мақсатында «Жазғы демалысқа жақсы кітаппен» атты Балалар кітабы шеруі кітап таңдап оқуда септігін тигізеді деген ойда тапсырмалар берілді.
3. Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.			
1	**«Өнегелі бір сағат» жобасы**	5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру **«Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»**	Қазақстан Халқы Тілдер мерекесіне арналған «Тіл – халықтар достығының алтын кілті» тақырыбындағы іс-шара 01-05 қыркүйек аралығында өткілді. 03 қыркүйек күні «Тіл-достықтың алтын кілті» атты атты әдеби –музыкалық салтанатты ашылуы жиыны өтті. Оқушылартіл туралы өлеңдер және әндер орындады. Жиынды қазақ тілі, орыс тілі, шетел тілі пән бірлестіктері өткізді. Оқушылар арасында тіл мәртебесі, яғни қазақ тілі Қазақстан елінің мемлекеттік тілінің қаншалықты дәрежеге көтерілгені жөнінде әңгімелер жүргізілді. Тіл – халықтың мәңгілік халық болып қалуының айғағы. Тіл - өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі.

			1-10 сыныптар арасында оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты адам етіп тәрбиелеу, өз ана тілінің көркемдігін түсініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету мақсатында «Ана тілім – ажарым, асыл мұрам» атты тәрбие сағаты өткізілді. 5 қыркүйек күні «The importance of Languages» тақырыбында 10- сыныпта дебат болып өтті. Онда оқушылар тілдің құдіреттілігі, қызмет жайында өз ойларын ортаға салды. 5 қыркүйек күні қазақ халқының бойындағы қасиеттерді тілге шешендігін, көркем сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Бабамның тілі – ұрпағына аманат» тақырыбында 5-8- сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы болып өтті. Оқушылар тіл тақырыбында ақындардың өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Сайыс қорытындысы бойынша Бас жүлдені 5 «А» сынып оқушысы Дюсембаева Алуа, I орынды 6 «А» сынып оқушысы Жолмұхан Нұрәділ, II орынды 5 «Ә» сынып оқушысы

			Нурмакова Ясмина, III орынды 6 «Ә» сынып оқушысы Бағдатшова Айдана иеленді. Сайыс жеңімпаздары дипломмен, белсене қатысқан оқушылар Алғыс хатпен марапатталды. 5 қыркүйек күні мәжіліс залда сағат «Тіл – халықтар достығының алтын кілті» атты Қазақстан халықтарының тілдер фестивалінің салтанатты жабылуы өтті. Оқушылар тіл туралы өлеңдер және әндер орындады. Жиынды қазақ тілі, орыс тілі, шетел тілі пән бірлестіктері өткізді. Оқушылар арасында тіл мәртебесі, яғни қазақ тілі Қазақстан елінің мемлекеттік тілінің қаншалықты дәрежеге көтерілгені жөнінде әңгімелер жүргізілді. Қазақстан Халқы Тілдерінің фестиваліне гимназия оқушылары өте белсенді қатысып, өте жоғары деңгейде өтті. Маңызы зор шараның ойдағыдай өтуіне қазақ, орыс және ағылшын тілі мұғалімдері атсалысты. Апталыққа қатысқан барлық гимназия оқушылары марапталды.
2	**«Дәстүр мен ғұрып» жобасы**	**«Даламды күймен тербедім» домбырашылар челленджі**	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Даламды күймен тербедім» тақырыбында үйірмеге қатысушы 1-6- сыныптар арасында домбырашылар челленджі ұйымдастырылды.

3		**«Туған елге тағзым» /өлкетану зерттеу экспедициясы**	Әрбір саналы азамат үшін ұлт тарихындағы кез келген кезең құнды, ата-бабасына қатысты әрбір деректер құнды да аяулы. Сан түрлі зұлматты бастан кешірген қазақ халқы жайлы өткен күн естеліктерінің ұрпаққа айтары көп, бабалардың елі үшін, жері үшін жанын құрбан еткен көзсіз ерліктерін дәріптеу – бейбіт заман ұрпақтары алдындағы абыройлы міндеті болып табылды. «Astana English School» халықаралық гимназиясының 2021-2022 оқу жылында өткізген «Тарихқа тағзым» атты шарасының мақсаты оқушыларымыздың бойында еліне, жеріне сүйіспеншілігін өз тарихына,тарихи ескерткіштеріне тарихи тұлғаларға деген құрметтерін асыру барысында тәрбие бөлімі мен тарихшылар мектеп оқушыларын «Ботай Бурабай» ашық аспан астындағы музейіне барып қайтты.
4	**«Оқуға құштар мектеп»** **жобасы**	**«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда»** *(Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай)*	Ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» тақырыбында ақын өлеңдерін жатқа оқу ұйымдастырылды.Байқаудың мақсаты: Қасым Аманжоловтың рухани-мәдени мұрасын келешек ұрпақтың санасына жаңғырту, жас ақындардың

			шығармашылығына қолдау көрсету. Байқау 5-9 сынып оқушылары арасында өткізілді. Оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, өз өнерін көрсетті. «Жыр жазамын жүрегімнен...» байқауында ерекше көзге түскен Мукашев Бекасыл (9-сынып) жеңімпаз атанса, Бағдатшова Айдана (9-сынып) екінші орын, Замантаев Сұлтан (7-сынып) үшінші орындарға ие болды. Байқаудың қорытынды бөлімінде мұғалім мен оқушылардың ақын поэзиясын оқудан бейнебаян ұсынылды.
5	**«30 игі іс» жобасы**	**«Тәуелсіздікке тарту»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)*	14 желтоқсан күні еліміздің сан мың жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы найзаның ұшымен, ерлеріміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік күні мерекесіне орай "Тәуелсіздікке тарту!" тақырыбында қолөнер көрмесі ұйымдастыралды..
6	**«Өнегелі бір сағат» жобасы**	**«Мәңгілік елдің мызғымас 7 негізі» тақырыбында дебат**	Гимназиямызда дебат фракциясы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Мәңгілік елдің мызғымас 7 негізі» тақырыбындағы дебат өткізілді. Аталған шараның мақсаты – жас буынды Тәуелсіздігімізді, бірлік пен татулықты сақтауға, тарихымызды қастерлеп, жерімізді қорғауға, отбасылық құндылықтарымызды арттырып, мәдениетімізді, рухани жаһандануды тереңінен танып білуге шақыру. Аталған шараға қатысқан оқушылар мемлекеттік жолдаумен танысып, өзіндік қорытынды жасап келгендіктері анық байқалды. Елді, мемлекетті дамытуда жас ұрпақтың атқарар қызметін еселеп көрсетіп, ел дамуындағы кемшіл тұстарды ақтарыла айтты. Шара соңында мәңгілік елдің дамуына қажетті ең негізгі факторларды екі жақ бірлесе нақтылап, бітімге келіп қорытындылады.
7	**«Өнегелі бір сағат» жобасы**	**«Наурыз – бірліктің, еңбектің, татулықтың ізгіліктің мерекесі» меркелік тәрбие сағаты**	Сыныптардың жас ерекшеліктеріне ойластыра жасалған жоспар бойынша, әр сыныптың мерекені тойлатуы жоғары дәрежеде аталып өтті. 5 сыныптарға қазақтың ұлттық ойындарын паш етсе, 6 сыныптар ұлттық билерге терең тоқталып, сан қилы би көріністерімен тәнті етті, 7 сыныптар ұлттық сусындардың түрлерінің

			жасалу жолын түсіндіре отырып, көпшілікке көрсетсе, 8 сыныптар тамаша «Тұсау кесу» дәстүрін орындады, ал, 9 -10 сыныптар «Бесікке бөлеу», «Балаға ат қою» дәстүрлерін сахналық көрініс ретінде ұсынды. Бастауыш сынып оқушылары жетекшілерімен тәрбие сағаттарында салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты байланыстыра отырып ата-аналар мен ұстаздарға тарту етті. 1-11 сыныптарда «Қош келдің, Әз Наурызым!», «Нұр себеле ұлыстың Ұлы күні» т.б тақырыптарда тәрбие сағаттарын өткізді.

4. **Бағыты: Отбасылық тәрбие**

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Мектеп жұмысының негізгі бағыттарының бірі - Отбасылық тәрбие. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу» сияқты түрлі форматта өткізіледі. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбы аясында іс –шаралар өткізілді. Сыныптарда тәрбие сағаттары, отбасылық фото көрме ұйымдастырылды. Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Бір отбасы-бір кітап» атты сурет, бейне түсірілім байқауы өткізілді. 1-9 сынып ата –аналары арасында «Тоғызқұмалақ-day» отбасылық турнирі, «**Тоғызқұмалақ-day**» турниры, **«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»** дөңгелек үстел, **«Ең үздік – 30 отбасы»***(Тәуелсіздікке-30 жыл)* Байқауы, **«Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем»** әңгіме, кеңес өткізілді.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялықтәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде, шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана-сезім, мамандық, жаһандық экологиялық сана-сезім, экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет, табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі, туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Эко-квест» қалдықтарды бөлек жинау акциясы**,** «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде Жәнібек Ерболұлы «Ер дәулеті- еңбек» тақырыбында шеберлік сағатын, 2-3- сыныптар арасында «Адал еібек бейнесі» тақырыбында суреттер конкурсы, экологоия және еңбек фракциясының ұйымдастырумен «Мен қызығатын әлем» тақырыбында фотоколлаж, 8-10- сыныптарда «Іскерлік қарым қатынас этикасы тақыбында сынып сағаты», 7-9- сыныптар арасында «Бір реттік ыдыстардың пайцдасы мен зияны туралы» пікірталас өткізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар: Музейлерге, театрға экскурсиялар, «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» байқау «Қош келдің, Жаңа Жыл-2022!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, 8 наурызХалықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан-АНА» мерекелік бағдарлама, 1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «ЫНтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» достық фестивалі өтті.

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ойлы жұлдыздар», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстар, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындар өткізді. Дебат клубы «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын дебаттық турнирлер ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты

өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Молдахметов Олжас, Бағдат Балкен спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» бюллетень сайысын өткізді.

1-бағыт

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2- бағыт

Рухани-танымдық тәрбие

3- бағыт

Ұлттық тәрбие

4- бағыт

Отбасылық тәрбие

5- бағыт

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6- бағыт

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7- бағыт

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

8- бағыт

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Гимназияның тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі азаматтық-патриоттық тәрбие болып табылады. Патриоттық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді, өз еліне, оның тарихы мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелейді. Патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс патриоттық тәрбие берудің мектеп бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Жыл бойы мемлекеттік мерекелерді дайындау мен өткізуге көп көңіл бөлінеді.

Азаматтық-патриоттық сезімді қалыптастыруда "Жас Қыран", "Жас Ұлан" ұйымы үлкен рөл атқарады.

«ЖАС ҚЫРАН». «ЖАС ҰЛАН» ҰЙЫМЫ

«Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы болып табылады. «Жас Ұлан» ұйымында мүше болудың **екі деңгейлі жүйесі бар**. «Жас Ұланның» жоғары буынына 5-10 сынып, ал «Жас Қыран» төменгі буынына – 1-4 сынып оқушылары, сонымен қатар «Жас Ұланға» өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ерікті түрде ниет білдірген балалар мен жасөспірімдер қабылданады. Әр жыл сайын гимназия оқушыларын «Жас қыран» және «Жас ұлан» ұйымына тәуелсіздік күні және 7 мамыр күні мерекесіне орай қабылдап отырамыз.

«ЖАС ҚЫРАН», «ЖАС ҰЛАН» ҰЙЫМЫНА ҚАБЫЛДАНҒАН ОҚУШЫЛАР САНЫ

«АДАЛ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ МЕКТЕП КЛУБЫ

Елбасының «100 нақты қадам»-Ұлт жоспарының 13-қадамының жемқорлыққа қарсы күресті күшейту міндеттерін іске асыруда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті әкімдіктердің қолдауымен білім беру ұйымдарындағы мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру аясында республика мектептерінде «Адал ұрпақ» еріктілер клубы» жобасы жұмысын бастаған-ды. Осы жоба аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында гимназияда 2016 жылдан бері «Адал ұрпақ» ерікті оқушылар клубы құрылып, жұмыс істеп келеді. Осы аралықта жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын жүйелі жүргізіп, ел мүддесін бірінші орынға қоятын адал буынды тәрбиелеу жолында бірқатар жұмыстар атқарылды.

«АДАЛ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ МЕКТЕП КЛУБЫНА ҚАБЫЛДАНҒАН ОҚУШЫЛАР САНЫ





Гимназияда «Адал ұрпақ» ерікті клубы оқушыларының ұйымдастыруымен әр түрлі іс –шаралар өткізіл тұрады. Атап айтқанда мектепте Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған «Адал ұрпақ қандай болу керек?» атты семинар өткізілді. Дебат сайысында «Адал ұрпақ – мәңгілік ел болашағы» екенін өз ой-пікірлерін ортаға сала отырып, талқылау, ұсыну, ойға-ой қосу арқылы өзіндік орта қалыптастыра білді.Сонымен қоса оқушыларымыз қалалық сайыстарға жа қатысып отырады.

"Адал ұрпақ" еріктілер клубының "Адал бол" командасы Есіл ауданы мектептері арасында жемқорлыққа қарсы тәрбие мен жалпы білім беру мекемелеріндегі оқушылардың құқықтық тәрбиесін жетілдіру, сондай- ақ Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тарату мақсатында өткен "АДАЛ ҰРПАҚ- ЧЕСТНОЕ ПОКОЛЕНИЕ" атты турнирге қатысып жүлделі 1-орынды иеленді. Турнир 3- кезеңнен тұрды. Біздің оқушылар 3 кезеңде де жоғары нәтиже көрсете білді.

Біздің гимназияда «Жас қыран» атты жас жол инспекторларының тобы жұмыс істейді. Жол тәртібін сақтамағандықтан болатын келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында топ мүшелері аянбай еңбек етеді. Ол бастауыш сыныптарда «Жолда жүру ережелерінің минуткалары», орта буында әр түрлі блиц-тестер және тағы басқа іс-шаралар.

«ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР» ТОБЫ

«Жас құтқарушы» тобын құрудағы мақсаттардың бірі – мектепте, балалар үйлерінде, мектеп- интернаттарында, қосымша білім беру ұйымдарында төтенше жағдайлар кезінде балалар және жасөспірімдердің қауіпсіздігінің мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың дамуын, өздерінің және қоғамдық қауіпсіздік проблемаларын жауаптылыққа тәрбиелеу, өмір сүру қауіпсіздігі жағдайы және дене шынықтыру мен психологиялық дайындық жағдайы бойынша білім деңгейін жоғарлату, құтқарушылар кәсібін насихаттау. Гимназияда құрылған жас құтқарушылар тобы 10 адамнан тұрады.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Гимназияда оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 17 үйірме жұмыс істейді. «Заманауи би», «Спорттық би», «Шахмат», «Каратэ», «Гимнастика», «Вокал студиясы», «Роботты техника», «Домбыра», «Кәсіптік футбол», «Арт студия», «Интеллектум», «Журналистік шеберлік», «Халық биі», «Актерлік шеберлік», «Үлкен теннис», «Қазақ хандығы». Барлық оқушылар үйірмемен қамтылған.

КАРАТЭ | КӘСІПТІК ФУТБОЛ | ГИМНАСТИКА

ҮЛКЕН ТЕННИС | АРТ СТУДИЯ | РОБОТТЫ ТЕХНИКА

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ШАХМАТ

ЖУРНАЛИСТИКА

ВОКАЛ

ДОМБЫРА

ЖАС ДИЗАЙНЕР

ЗАМАНАУИ БИ

СПОРТТЫҚ БИ

ХАЛЫҚ БИІ

АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

ИНТЕЛЛЕКТУМ

2021-2022 оқу жылындағы үйірме жетекшілерінің үйірме кестесі

№	Мұғалімнің аты – жөні	Үйірме түрі	Үйірме күндері
1	Бұқышева Әсем Алдабергенқызы	Вокал	Сейсенбі Сәрсенбі

			Жұма
2	Ертурганова Гульнур Далелхановна	Жас блогер	Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма
3	Рашева Гульмира Маулетханқызы	Хореография	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі- конкурс оқушылары
4	Даданбекова Аида Бековна	Гимнастика	Сейсенбі Бейсенбі Жұма
5	Бекбаева Айымгуль Рамазановна	Домбыра	Сейсенбі Бейсенбі Жұма
6	Сералиева Карлыгаш Сталбековна	Домбыра	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі
7	Шайпин Маулен Мерекеевич	Каратэ	Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма
8	Овсянникова Лина Мусаевна	Үлкен теннис	Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма
9	Амантаев Жангали Ануарбекович	Шахмат	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма
10	Молдашбаев Джамбул Суюнбаевич	Футбол	Сейсенбі Бейсенбі Сенбі

11	Хамза Қадыр Мырзағалиұлы	Арт студия	Дүйсенбі Сейсенбі Бейсенбі
12	Айтжанов Олжас Еслямбекович	Роботты техника	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма
13	Шалкарбеков Санжар Жаксыбекович	Роботты техника	
14	Жусупова Алтынай Максутовна	Роботты техника	
15	Оразалина Айнагуль Амангельдиевна	Роботты техника	
12	Жапар Жәнібек Ерболұлы	Арт студия	Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма
13	Алменов Нурдаулет Ибрашевич	Вокал	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі
14	Сариева Гуля Тургановна	Вокал	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі

«№81 Astana English School» гимназиясы

2021 – 2022 оқу жылындағы оқушылардың ҮЙІРМЕЛЕРГЕ қатысуы

	Үйірме атауы	**1а**	**1ә**	**1б**	**1в**	**1г**	**1д**	**Барлығы**
1	Арт студия	8	4	4	5	2	4	27
2	Вокал	1	4	2	3	4	1	15
3	Каратэ	5	1	4	5	5	3	23
4	Қолөнер	-	-	1	1	-		2
5	Роботты техника	9	5	7	3	1	4	29
6	Шахмат	7	7	5	4	8	4	35
7	Кәсіптік Футбол	9	4	6	8	6	8	41
8	Домбыра	-	5	2	2	5	4	18
9	Гимнастика	3	3	5	5	4	4	24
10	Хореография	2	4	2	2	3	4	17

№	Үйірме атауы	2а	2ә	2б	2в	2г	2д	Барлығы
1	Арт студия	7	5	4	6	6	6	34
2	Вокал	2	6	4	2	2	2	18
3	Каратэ	2	2	1	5	1	2	13
4	Қолөнер	-	-		-	-	-	-
5	Роботты техника	7	6	5	8	5	3	34
6	Шахмат	2	2	9	2	12	3	30
7	Кәсіптік Футбол	7	6	5	2	7	5	32
8	Домбыра	2	1	1	1	2	3	10
9	Гимнастика	3	1	1	0	4	3	12
10	Хореография	3	5	4	4	3	3	22

№	Үйірме атауы	3а	3ә	3б	3в	3г	3д	3е	барлығы
1	Арт студия	2	4	5	3	7	2	9	32
2	Вокал	-	1	4	-	3	-	1	9
3	Жас блогер	-	-	-	-	-	-	-	-
4	Каратэ	2	2	5	1	3	4	2	19
5	Қолөнер	-	-	-	3	-	4	1	8
6	Роботты техника	3	2	4	9	7	5	4	34
7	Үлкен теннис	6	11	6	6	5	4	-	38
8	Шахмат	8	3	5	8	2	2	5	33
9	Футбол	5	5	4	6	5	3	4	32
10	Домбыра	6	5	2	2	2	7	2	26
11	Гимнастика	3	3	1	-	1	3	2	13
12	Хореография	1	4	4	2	1	4	6	22

№	Үйірме атауы	4а	4ә	4б	4в	4г	4д	барлығы
1	Арт студия	1	2	1	6	4	5	19
2	Вокал	2	2	2	2	3	4	13
3	Жас блогер	3	2	1	4	3	7	20
4	Каратэ	2	3	1	2	1	1	10

5	Қолөнер	1	3	3	3	1	-	11
6	Роботты техника	3	2	4	4	5	3	42
7	Үлкен теннис	4	8	7	6	3	6	34
8	Шахмат	8	3	1	2	7	1	22
9	Футбол	8	6	4	5	5	5	33
10	Домбыра	2	2	4	4	2	1	15
11	Гимнастика	1	1	-	-	-	1	3
12	Хореография	2	2	4	2	2	-	12

№	**Үйірме атауы**	**5а**	**5ә**	**5б**	**5в**	**5г**	**Барлығы**
1	Арт студия	1	4	5	12	3	25
2	Вокал	-	4	1	-	-	5
3	Жас блогер	1	3	2	1	2	9
4	Каратэ	1	-	1	1	-	3
5	Қолөнер	5	-	2	-	-	7
6	Роботты техника	-	5	3	6	7	21
7	Үлкен теннис	10	2	5	6	7	30
8	Шахмат	2	3	6	3	7	21
9	Футбол	7	9	6	4	2	28
10	Домбыра	3	1	-	2	4	10
11	Хореография	2	-	1	3	-	6

№	**Үйірме атауы**	**6а**	**6ә**	**6б**	**6в**	**6г**	**6д**	**6е**	**Барлығы**
1	Арт студия	3	1	3	4	2	-	3	16
2	Вокал	-	3	1	2	-	2	-	8
3	Жас блогер	1	1	-	-	6	-	-	8
4	Каратэ	1	1	-	1	-	-	1	4
5	Қолөнер	1	4	-	3	1	1	-	10
6	Роботты техника	-	4	3	-	-	2	3	12
7	Үлкен теннис	6	4	1	6	11	4	5	37
8	Шахмат	3	2	1	3	5	-	4	18

9	Футбол	1	1	7	6	3	4	6	28
10	Домбыра	1	7	3	-	-	1	2	14
11	Хореография	-	4	3	3	1	4	2	17
12	Гимнастика	1	-	-	-	-	-	-	-

№	**Үйірме атауы**	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**Барлығы**
1	Арт студия	27	34	32	19	25	16	153
2	Вокал	15	18	9	13	5	8	68
3	Каратэ	23	13	19	10	3	4	72
4	Қолөнер	2	-	8	11	7	10	38
5	Роботты техника	29	34	34	42	21	12	172
6	Шахмат	35	30	33	22	21	18	159
7	Кәсіптік Футбол	41	32	32	33	28	28	194
8	Домбыра	18	10	26	15	10	14	93
9	Гимнастика	24	12	13	3	-	-	52
10	Хореография	17	22	22	12	6	17	96
11	Үлкен теннис	-	-	38	34	30	37	139
12	Жас блогер	-	-	-	20	9	8	37

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етті, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасады.

Ұсыныстар: Үйірмелер жұмысын әртараптандыру қажет, бұл барлық іс-шараларға белсендірек қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер мен секция жетекшілері өз жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру, ата-аналар жиналысында жарнама беру, мектеп, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы оқушыларды барынша көп тартуы қажет. Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, балалардың қараусыз қалуының алдын алу.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Адам ақылымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты. Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Тұлғаның адам болып қалыптасуы – тәрбиеге байланысты болса, ал отбасы – сол тәрбиенің бастауы". Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады",-деген қанатты сөз отбасы, мектеп, қоғам үшеуінің дұрыс берген тәрбиесінің жемісі болматынын меңзейді.

Ақыл-парасатты мол, өресі биік ұрпақ тәрбиелеу - ата-ана мен ұстаздың қоғам алдындағы борышы. "Ата-ана-оқушы-мұғалім" үштік одағы ынтымақтастықта жұмыс істегенде ғана, бұл жұмыстар нәтижелі болмақ.

Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған мекеме үшін ата-аналармен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтын мекен. Ата-анамен жұмыс – педагогтардың жүргізетін жұмыстарының ең қызықты бір бағыты Бір жағынан, бұл жұмыс аса бір шеберлікті, құпиялықты, мәдениетті, білімді, тәжірибені қажет ететін жұмыстардың бірі. Өйткені, отбасымен жұмыс жүргізген кезде түрлі адамдармен, түрлі түсініктермен, түрлі мінез-құлықтармен, түрлі қиыншылықтар- мен қарама-қарсы кездесесің. Осының барлығынан педагогтық абыройыңа кір келтірмей шығу үлкен өнерді қажет етеді. Сол себептен мектепте ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды әдістемелік жағынан орынды ұйымдастырудың маңызы өте зор. Осы орайда мектепбімізде ата-аналармен бірлескен біршама іс-шаралар атқарылды. Мектепте әр сыныптан ата-аналарынан құрылған ата-аналар комитеті қызмет атқарды. Ата-аналар комитеті мектепте өткізілген мерекелік іс-шаралардың, тақырыптық кездесулердің, сайыстар, концерттік бағдарламалар,ұлттық мерекелер және де спорттық шаралардың өтілуіне белсенді ат салысты.

Гимназияда ата –аналар жиналысы форматы әр түрлі өтеді. Бұрынғыдай барлық ата-аналарды сыныпқа жинап, баланың үлгерімі мен мінез-құлқын талқылаудың қажеті жоқ. Басқа ата-ананың көзінше басқа біреудің баласын талқылауға болмайды. Әрбір ата-анаға баласының үлгерімі мен мінез-құлқы туралы ақпарат берілуі керек. Әрине, сіздің көзіңізше баласының үлгерімін талқылайтындықтан

оның ата-анасы мектеп жиналыстарына келгісі келмейді. Сондықтан әр ата –ана мектептің мұғалімдерімен жеке Ата-ана алдына келгенде, мұғалім әр баланың қай пәнді ұнататыны, бірақ оны меңгеруде қандай проблемаға тап келіп жатқаны туралы мәлімет беріп отырса, ол ата-анаға өте маңызды ақпарат екендігіне өте көңіл бөлеміз. Бұл тек бағаны айтып шыққаннан бұл әлдеқайда тиімді екенін жиналысты өткізу барысында байқадық.

Жалпы гимназияда ата –аналар жиналысында 1 бөлімде сынып жетекшінің белгілі тақырып бойынша әр түрлі формада жұмысын жүргізіп, (жалпы ұйымдастыру мәселелерін талқылайды: оқу жылының қорытындылары, оқу жылының ішінде болатын іс-шаралар жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру, мектеп формасы мәселелері және т.б.). 2 бөлімде баланың үлгерімін толық талдауға мүмкіндік беретін ата-ана мен мұғалімнің жеке сөйлесуі. Ата-ана қажетті мұғалімді еш қиындықсыз таба алуы үшін әр мұғалімнің үстелінде оның аты-жөні мен пәні жазылып тұрады. Ата-ана мұғалімге келіп, баласының осы пән бойынша үлгерімі, оның сабақтағы мінез-құлқы және т.б. туралы өз сұрақтарын қояды. Педагогтер ата- аналардың сұрақтарына өздерінің педагогикалық бақылауларына, оқушының қазіргі үлгерімі мен төртінші жиынтық бағалаудың нәтижелері бойынша жауап береді.

Гимназияда ата –аналар жиналысын өткізу барысында мына талаптарды негізге аламыз:

1. Әрбір ата-анамен жеке жүргізіледі.
2. Ата –ана барлық мүдделі тараптарға оқытылатын пәннің сапасына қатысты өз пікірін және көзқарасын білдіруге мүмкіндік беріледі.
3. Педагогтер консультация тақырыбына қатысты жауап беруге дайын болулары керек.
4. Ата –ана мен педагог арасындағы сүхбат жағымды атмосферада және кикілжіңсіз өтуі керек.

5. Ата-аналарға бала туралы мүмкіндігінше жағымды ақпарат беріп, баланың мектептегі орын алатын қиындықтарына тоқталған орынды.
6. Ата-аналарға өз пікірлерін айтуға, бала тәрбиесіндегі қиындықтарымен бөлісуге мүмкіндік беру керек.
7. Ата-аналарға/заңды өкілдерге балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша нақты ұсыныстар берілуі тиіс.
8. Баланың оқуында оң өзгерістерге ықпал ететіндеймазмұнды өтуі тиіс.
9.Жиналыс нәтижелері бөтен адамдардың талқылауына айналмауы керектігіне аса көңіл бөлеміз.

Жұмыс жоспарына сәйкес жалпы ата – аналар жиналысы өткізіліп, онда төмендегідей мәселелер қарастырылды: «Отбасы тәрбиесі», «Өзара қарым – қатынас жасау мәдениеті», «Құқық бұзушылық мәселесі бойынша мектеп пен отбасының өзара әрекеті». Аталған жиналыстарда ата – аналар нормативтік - құқықтық актілерімен танысып, психологиялық – педагогикалық ата – аналарға білім, мағлұмат беру жұмысы іске асырылды.

Ата-аналармен жұмыс

Жылына 4 ата-ана жиналысы өткізілді. ХБ талабына сай жиналыс әртүрлі форматта өткізілді.

1-тоқсанда, ата-анамен бетбе - бет, яғни мұғалім және ата-ана,

2-тоқсанда, үш жақты конференция, пән мұғалімі, оқушы және ата-ана, (портфолио көрсету)

3-тоқсанда, оқушы портфолиосын ата-анаға өзі көрсетеді,

4-тоқсанда, білім алушы жетістігі ата-анаға жазбаша түрде жіберіледі.

Жыл бойы білім алушы, пән мұғалімі және ата-аналармен тығыз жұмыс жасалуда.

Гимназияда "Шаңырақ" ата-аналар академиясы жұмыс істейді. Ата-аналар академиясы негізгі 3 ұйымнан тұрады. Олар: қыз бала тәрбиесінде негізгі жауапты тұлғалар аналардан құралған

"Сырласу" отауы, отбасының тірегі әкелер мен гимназия ер азаматтарынан құралған "Әкелер кеңесі" және педагокикалық ұжыммен бірлесе жұмыс жасайтын ресми алқалы орган - ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі.
"Әкелер кеңесінің" ұйымдастыруымен гимназия әкелері гимназияның қоғамдық жұмыстарына белсене ат салысып, ауызбіршілікпен жұмыс жасайтын ұйым ретінде танылып жүр. "Әкелер кеңесі»төмендегідей жұмыстарды белсенді атқарып келеді: ата-аналар арасындағы спартакиада, "Толағай" отбасылық сайысы, "Жасыл ел-жасыл қала" акциясы, қайырымдылық шаралар, әйелдер күніне арналған іс-шаралар, Наурыз, Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шаралар тағы басқа да іс –шараларды ұйымдастыруда.

Қамқоршылық кеңес қызметінің нәтижелілігі

Қамқоршылық кеңес қызметі типтік ережеге және Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңының 44 бабы 9 тармағына сәйкес, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлану тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі бұйрығының 6, 7 баптары және «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, оның ішінде: Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 17 мамырдағы қаулысының 37- тармағы негізінде , Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың мамырында №299 бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы бұйрығын басшылыққа алынып құрылған. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің саны тақ, 9 адамнан сайланып, жылдық жоспары құрылып, бекітілген. Қамқоршылық кеңесі мектепке оқыту және тәрбие жұмысында, материалды-техникалық қамтамасыз етуді және оқу-тәрбие мен инновациялық үрдісті жақсартуға септігін тигізуге құрылған. Қамқоршылық кеңесінің және тексеріс комиссиясының жылдық жұмыс жоспары жасалынған. Әр айда өткізілген іс- шаралар жоспары бойынша өз дәрежесінде өткізілді.

Қамқоршылық кеңесі және ата – аналармен бірлесе отырып "Жылды жақсылықтан бастайық" атты тақырыпта қайырымдылық іс –шаралары ұйымдастырылды. Әкелер клубын құрып, «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында семинар, әкелермен бірігіп «Ана –өмір, ана -бақ» тақырыбында мерекелік концерт өткізіліп, мектеп алаңын көгалдандыру мақсатында «Бір тал кессең, он тал ек» акциясы бойынша мектеп ауласына көшеттер отырғызылды.

Қарттар күніне орай қазан айында оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата- бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жамандықты ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында *«Қарттарым ізгіліктің шырағы»* тақырыбында кездесу өткізілсе, 9 мамыр күні қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұйымдастыруымен соғыс ардагерлерін құттықтап, сый- сияпат табысталды.

Әкелер роботтық техника үйірмесінде...

«Әке - баланың айнасы» семинары

«Жасыл ел, жасыл қала» акциясы

Әкелер арасында волейбол жарысы

Мерекелік іс - шара

Әкелер арасында үстел үсті теннисі жарысы

Әкелер кеңесі отырысы

Әкелер арасында футбол жарысы

«Әке – асқар тау» кездесу

Мектепішілік әкелер спорттық сайысы

Келесі оқу жылына алға қойған **қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаты:**

- Мектептің жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
- Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында мектептің оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- Мектепке қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
- Мектептің әрі қарай сапалы дамуына ықпал ету.

Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

- Мектеп ұжымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс шараларын өткізуге көмек көрсету;
- Тәрбие мен оқыту саласына халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;

Қорыта келе биылғы оқу жылына жоспарланған шаралар толық орындалды.

Гимназиядағы тәрбие жұмысының негізгі құндылықтары құрмет, ынтымақтастық, жауапкершілік, адалдық, функционалдық сауаттылық, өмір бойы білім алу болып табылады.

«Шаңырақ» жобасын іске асыру арқылы мектеп өмірінің барлық кезеңдерінде құндылықтарды қалыптастырады, ол жобаларға мыналар жатады:

- «Туған елге тағзым» атты өлкетану-зерттеу экспедициясы;
- «Даналық күні»;
- «Қазақ әндері»;
- «Ұрпақтар сабақтастығы»;
- қоғамға қызмет ету жөніндегі әлеуметтік жобалар;

«Туған елге тағзым» атты өлкетану-зерттеу экспедициясы

«Туған елге тағзым» экспедициясы туған өлкенің тарихын, географиясын, экономикасын, мәдениетін зерделеу және зерттеу арқылы өз Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің ең үздік үлгісі болып табылады. Экспедиция бағдарламасында оқушылардың бойында практикалық іс-әрекеттің түрлі тәсілдерін қалыптастыратындай оқу- зерттеу, мәдени-ойын-сауық, спорттық-сауықтыру шаралары қамтылған. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында, «Карлаг» мұражайында болып, АЛЖИР тарихымен танысады.

Өлкетану-зерттеу экспедициясының қорытындысы бойынша оқу жылы барысында оқушылар ғылыми жобалар, эссе, шығармалар жазып, туған өлке бойынша жолнұсқаулар құрастырады, теледидар, баспасөз құралдары мен радиоға арналған арнайы репортаждар дайындайды.

«Ботай- Бурабай» этномұражайы

«Ботай- Бурабай» этномұражайы

«Карлаг» мұражайы

«Туған елге тағзым» өлкетанулық экспедиция туған өлкені танып білуге, оқушылардың бойында туған елдің ерекшелігі мен оның қыр-сырын білуге, оқушы бойында патриоттық сезімді арттыруға

бағытталған. Танымдық экскурсия соңында әр оқушы өткен тарихымызды естен шығармай, әрқашан қастерлі жерімізді аман сақтап жүру қажет екенін түсініп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге көп мүмкіндік беретінін түсінеді.

«Даналық күні» жобасы

Жоба жұмысының негізгі бағыттары – ғылым мен білім, медицина, спорт, кәсіптік бағдар, бизнес, экология, өнер және саясат. Жоба аясында белгілі тұлғалармен кездесулер өткізіледі. Бұл кездесулер оқушылар мен мұғалімдер арасында өте танымал және 3 тараптың диалогы форматында өтеді: өзінің өмірлік стратегиясы мен «сәттілік формуласы» туралы әңгімелейтін қонақ, қонаққа өз сұрақтарын қоятын көрермен, кездесудің медиаторлары, яғни жүргізушілер.

Мұрат Әбенов- ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты «Парасат» өзін- өзі басқару ұйымы оқушыларымен кездесті

Нұрлан Әлімжан – актер, әнші, сазгер. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан жастар одағы сыйлығының лауреаты.

Тұрсынбек Қабатов- «Әзіл әлемі» әзіл-ысқақ театрының директоры, актер

Нұрлан Әлімжан – актер, әнші, сазгер. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан жастар одағы сыйлығының лауреаты.

Жобаның маңызды бағытының бірі жасөспірімдерге кәсіби бағдар беру болып табылады.

Сондай-ақ белгілі тұлғалармен, барша жұртшылықтың назарына ілігерлік игі, айтулы істерімен ел дамуына сүбелі үлес қосқан жандармен кездесулер ұйымдастырылды.

«Қазақ әндері» жобасы

Гимназияда Қазақ әндері» шығармашылық жобасы жыл сайын ұйымдастырылады. Жоба аясында оқушылар халық әндерін ғана емес, классикалық композиторлар мен қазіргі заман композиторларының шығармаларын да зерттейді. Бұл қызықты жоба еліміздің мәдени мұрасын қолдауға және насихаттауға бағытталған, сондай-ақ қазақ музыкасы тарихындағы ең үздік 100 әнді таратуға арналған.

«Қазақ әндері» тізіміндегі әндер барлық мектеп іс-шараларында, таңертеңгілік жиындарда, үзілістерде шырқалды. Әндердің мағынасын ашып, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын театрлық қойылымдар, тақырыптық әдеби-музыкалық кештер, концерттер, караоке-сайыстар, мектеп радиосындағы хабарлар, викториналар, челлендждер, конкурстар мен фестивальдер өткізілді. Іс-шараларға оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар қатысты.

«Қазақ әндері» жобасына дайындық барысында оқушылар авторлар мен композиторлардың өмірбаянын, қарапайымдылық, адалдық, үлкендерге құрмет, еңбексүйгіштік, достық, бірлік секілді құндылықтар мен ашкөздік, паразитизм, қызғаныш және басқа да жаман қылықтарды дәріптейтін әндердің шығу тарихын зерттеді.

«Қазақ әндері» жобасы оқушылардың шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамытуға, ұлттық өнерге танымдық қызығушылығын арттыруға, ата-бабымыз мұраға қалдырған құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететіндіктен ерекше жоба болып табылады.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы

Ұрпақтар сабақтастығы» әлеуметтік жобасы екі буын өкілдерінің өзара қарым-қатынасы үшін тұрақты платформа құруға мүмкіндік береді. Бұл жобаны іске асыруда оқушыларға ата-аналары, пән мұғалімдері, қосымша сабақ беретін мұғалімдер белсенді қолдау көрсетуде.

Жоспарға сәйкес гимназияда оқушылардың ата-әжелерімен тақырыптық кездесулер өткізіледі. Тақырыптық кездесулер барысында оқушылар түрлі шеберлік сабақтарын, оқу клубтарын, викториналарды, зияткерлік ойындарды, би жаттығуларын ұйымдастырады.

Жоба оқушыларды қоғамдық қарым-қатынас орнатуға, адамгершілік құндылықтарды түсінуге, үлкендердің өмір және еңбек тәжірибесінен үлгі алуға бағыттайды

«Қоғамға қызмет ету» жобасы

«Қоғамға қызмет ету»–гимназиямыздаде әбден пісіп-жетілген жоба. Жоба экология, еріктілер, әлеуметтік, қайырымдылық сынды төрт үлкен бағыттарды қамтиды. Соның арқасында қаламыздағы арнайы әлеуметтік көмек көрсету, түрлі қайырымдылық шараларын өткізіп тұрамыз.

Гимназияда қалалық Күміс волонтерлар ұйымының төрайымы Гульбаршын Жошыхановнамен оқушылардың кездесуі болып өтті. Кездесуде Гульбаршын ханым еріктіліктің қыр-сырымен бөлісіп, оқушыларды ерікті болуға қайырымдылық жасауда жарысуға шақырды. Еріктіліктің оқушыларға беретін қоосымша мүмкіндіктерін әсіресе, мектеп бітірушілерге болашақта жоғарғы оқу орнына түсуге үлкен үлесі тиетінін және шет елдік тәжірибелерді мысалға келтіре отырып баяндап берді.

Қоғамға қызмет компоненті аясында Қайырымдылық фракциясының қолдауымен Clothing drive (науқанды) жарияланды. Ашық қайырымдылыққа пайдаланылған бірақ жақсы жағдайда сақталған киімдерді, оның ішінде: әйел, ер және балалар киімдері, сөмкелер, аяқ киім және тағы да басқа қажетті тұтынатын киім түрлері әр түрлі өлшемдерде алайда таза жақсы жағдайда қабылданған болатын. Қабылдау орны мектебіміздің үшінші қабаты, кітапхананың алдыңғы фойесінде болды.Екі апта бойы жинақталған киім- кешектер Қайырымдылық фракциясының көмегімен іріктеліп, әр категорияға бөлініп қалталарға салынды. Дайын қалталарды қаламыздың мешіті Әзірет сұлтаны мешітіне апарып арнайы пунктқа өткізілді.

Қайырымдылық — халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Шын мұқтажға жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу — әрбір адамның азаматтық парызы. Мектепшілік «Қоғамға қызмет» компонентінің ең негізгі діңгегі оқушыларды қайырымдылққа баулу болып табылады. Мектебімізде осыған орай 26/04/2023 күні атқарылған акция «Қайырымдылық Жәрмеңкесі» жанама бағытта жүргізілді. Жәрмеңке ұйымдастыра отырып, балаларды қайырымдылыққа баулу басты мақсатымыз болып табылады. Жәрмеңкеден жиналған бар қаражат әлеуметтәк жағдайы төмен отбасыларға көмек ретінде жіберіледі.

«Қайырымдылық Жәрмеңкесі», акция мақсаты тағдыр тәлкегіне ұшыраған Диана есімді 1 топ мүгедегі ревматоидный артрит диагнозымен тіркеуде тұратын бойжеткенге және оның отбасына көмектесу болатын.

Акция аясында жәрмеңкеге қолөнер бұйымдары,өз қолынан жасалған тағамдар.Барлық тағамдар ережеге, мерзімі бойынша сай болу қажет санитарлық нормаларға сай болуын сынып жетекші,тәрбиеші және ата - аналарға ескертілді. Жәрмеңке 5-10 сыныптар аралығында жүргізілді, әр сыныптан 1 тьютор мен 2 оқушы сатушы рөлін атқарды. Бағаны қолжетімді жасап қоюын сынып жетекшілері қадағалады. Жәрмеңкенің соңында мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы Қайырымдылық фракциясының көмегімен бірге комиссия мүшелері Тайшибаева Г.Н., Алиуллаева Ә.Ж. және мектебіміздің педагог организаторы қатысуымен жиналған қаражат жәшіктен шешіліп, санатылды. Нәтижесінде 398500 жиналды. Бұл соманың 200000 тг Диананың реабилитациялық еміне және жол пұлына, 135000 тг тренажерға тапсырыс берілді, қалған сомасы жалдап отырған пәтеріне төлемге жұмсалатыны анықталды.

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Тәрбие жұмысының ең маңызды көрсеткіші оқушы ортасында келеңсіз құбылыстардың алдын алуға бағытталған алдын алу қызметінің көрсеткіштері болып табылады. Құқықтық тәрбие бойынша оқушылармен жұмыс жасау мәселелері әкімшіліктің, психологиялық қызметтің, сынып жетекшілердің тұрақты бақылауында. Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша жұмыс "кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу бойынша мектеп бағдарламасына" сәйкес жүргізілді.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық профилактикасы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы туралы **үш** жылға есеп		
Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы жобаларды іске асыру		
	Іс – шара атауы	**Орындалуы жөнінде ақпарат**

	Білім беру ұйымдарында "ата-аналар клубы" (пилоттық мектептерде) диалог алаңының жұмысын қамтамасыз ету	Балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартында ата-аналармен құрастырылған жылдық жоспар бойынша тәрбиеші мен ата-аналардың бірлескен отырыстары, жүргізілетін әңгімелер, кеңестер, конференциялар, сауалнамалар, анкеталар балаларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеудегі қиыншылықтарды анықтауға және тиімді жолдарды таңдауға мүмкіндік беру бойынша жұмыстар жүргізілді
	"Татуласу мектебі: Тең-теңімен" жобасын дамыту (пилоттық мектептерде)	«Татуласу мектебі: тең-теңімен» бағдарламасы бойынша қорытынды сабақ өтті. Онда қатысушылар тренинг жұмысы барысында практикалық қызметтегі конфликтология және медиация бойынша өздерінің теориялық білімдерін тексерді. Қорытынды тренинг соңында 18 қатысушы медиатор-волонтерге мектебіміздің арнайы куәлігі салтанатты түрде тапсырылды.
	Кәмелетке толмағандар арасында буллингтің алдын алу шеңберінде өткізілген іс-шаралар	Тренинг « Қар тілектері», Педагогтың баяндамасы және «Мұңымды тарқатамын» артерапиясы жүргізілді.
Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, нашақорлықтың, қауіпсіздіктің, қатыгез қарым-қатынастың және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар		
	Қаланың ювеналды полиция органдарында есепте тұрған кәмелетке толмағандардың тізімін қалыптастыру	Есепте тұрған оқушы жоқ
	Тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандардың жеке тізімін қалыптастыру (әлеуметтік жағдайы нашар ата-аналар, қиын өмірлік жағдайға тап болған, өзінеөзі қол жұмсауға бейім жасөспірімдер және т. б.)	Есепте тұрған оқушы жоқ
	Астана қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның шешімдерін орындау және қатысу	Есепте тұрған оқушы жоқ

	Есепте тұрған балалардың құқық бұзушылық жағдайларына мониторинг жүргізу	Есепте тұрған оқушы жоқ
	Есепте тұрған балалардың жұмыспен қамтылуына және қосымша білім берумен қамтылуына мониторинг жүргізу	Есепте тұрған оқушы жоқ
	Оқу процесі кезінде оқушылардың қымбат заманауи аксессуарларды (телефондар, сағаттар, алтын зергерлік бұйымдар және т.б.), заттар мен ақшаны алып жүруіне және пайдалануына жол бермейтін іс-шаралар өткізу.	«1001 кітап, 101 кеңес» әлеуметтік жобасы ұйымдастырылды. «Сенің құндылығың» психологиялық ойыны жүргізілді.
0	Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көңіл көтеру орындарында болуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау	Жоғары сыныптар арасында «Тәртіп және біз», «Құқықтық сауаттылық – заманталабы» тақырыптарындамектеп инспекторыменкездесулер және дөңгелекүстел өткізілді.
1	Мектептерде "полицияның жас көмекшілері", Жол қозғалысының жас инспекторлары жасақтарын жандандыру»	«Жас инспектор» жасағы және «Полицияның жас көмекшілері» жол қозғалысының жас инспекторлары клубы құрылды.
2	Полиция органдарында есепте тұрған балаларды "Жас сарбаз" клубтарына тарту	Есепте тұрған оқушы жоқ
3	ҮЕҰ мен құқық қорғау органдарын тарта отырып, құқық бұзушылықтарды болдырмау мәселелері бойынша оқушылар арасында құқықтық жаппай оқытуды жүргізу: - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық көрсеткіші жоғары	«Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс сабақтар, «Құқықтық тәрбие-құқықтық мәдениет» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізілді.

	мектептерде ата-аналар жиналысын өткізу; - балалар мен жасөспірімдер арасында қылмыстық немесе әкімшілік көмекке әкеп соғатын жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға және құқыққа қарсы әрекеттерді жасаудың алдын алуға бағытталған психологиялық және құқықтық тренингтер өткізу;	
4	Өмірде жетістікке жеткен қайраткерлермен (жас миллионерлер, спортшылар, ірі бизнес иелері, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік органдардың басшылары, Болашақ стипендиаттары және т. Б.) мотивациялық шеберлік сабақтарын өткізу)	Абайтанушы, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Алмахан Мұхметқалиқызымен «Абай дара қазақта» атты әдеби кездесу өтілді. Сонымен қатар , «Мамандықты дұрыс таңдау- табысты өмірдің кілті» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу қонақтары: 1. Рақышев Бауыржан Алдабергенұлы - А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі, 2019 жылғы "100 жаңа есім" жобасының жеңімпазы, "Болашақ" бағдарламасының түлегі. 2. Қанат Нуртазин- Назарбаев университетінің бас менеджері. Суретші, мультипликатор. "100 жаңа есім" жобасының жеңімпазы. 3. Руслан Беген- экономист. "Руханижаңғыру" қоғамдық даму институтыныңменеджері
5	Жасөспірімдер мен ата-аналарға тегін психологиялық және консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру	«Адамзаттың руханиб айлығы» тақырыбында мектеп психологтарының ұйымдастыруымен семинар тренинг өтті.
6	Оқудан бос және каникул уақытында жұмыс істеуге ниет білдірген жасөспірімдерді (14 жастан 18 жасқа дейін) жұмысқа орналастыру	«Жас ел» экологиялық бағдарламасы аясында мектептен тыс жұмыс жүргізілді.
7	Қолайсыз және аз қамтылған отбасыларда тұратын, сондай-ақ ішкі істер органдарында есепте	Есепте тұрған оқушы жоқ

	тұрған жасөспірімдердің мектеп каникулын өткізу кезеңінде сауықтыру демалысын ұйымдастыру.	
8	«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясын өткізу	«Қатыгездіксізәлемдіқалайорнатуғаболады?» тақырыбында эссе жаздырылып, «Біздерденісауболашақүшін» аттыашықесіккүндері, және «түнгі рейд» ұйымдастырылып, оқушылардың түнгі жүрістерібақылаудаұсталды.
9	Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалар мен отбасыларды анықтау мақсатында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	«Отбасы – тәрбие басы,Мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбында ата-аналармен біріккен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
0	Білім беру ұйымдары оқушыларының ата-аналарымен қазіргі заманғы психобелсенді заттар, олардың таралу ерекшеліктері проблемалары бойынша кездесулер өткізу	Мектеп инспекторымен және психолог мамандармен бірігіп ұйымдастырылған «Біз кемел болашақ үшін» атты брифинг өткізілді.
1	"Есірткіден алыс – отбасы мықты", " біз мұны білеміз, ал сіз ?»Ақпараттық науқан өткізу	«Дені саудың , жаны сау» атты 1 – 11 сыныптар арасында спорттық көпжарыс ұйымдастырылды.
2	Дүниежүзілік есірткіге қарсы күрес күніне тақырыптық акция өткізу	«Есірткіге жол жоқ!!!» атты нашақорлықпен күресу бағытындағы акциялар және сынып сағаттары өткізілді.
3	Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алу жөнінде семинар-тренингтер өткізу	«Пайда ма ? әлде Не пайда ма?» тақырыбында нашақорлыққа қарсы күресу арнайы дебат ойыны.
4	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша дәрістер, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу	«Өз құқығыңды қорғай біл!» тақырыбында баяндама, «Халық тәрбиесі-асыл қазына» тақырыбында сұхбат – әңгіме өткізілді
Кәмелетке толмағандардың жол жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыс		
5	«Абайланыз, балалар!»қалалық акциясынжүргізу	Қазан – қараша айларында жолда жүру ережелірін дұрыс меңгертуге арналған «Қызыл , сары, жасыл» атты арнайы акция ұйымдастырылды.

6	Қаланың барлық оқу орындарында жол жүру ережелері туралы "Әңгіме – сұхбат "өткізу	«Бағдаршам 2020» сыныптар арасында сұхбат – әңгіме жүргізілді.
7	Оқу құралдарын дайындау бойынша отбасылық конкурстар өткізуді ұйымдастыру « бүкіл отбасымызбен ойнаймыз-жол қозғалысы ережелерін оқимыз»	«Мен, сен , бәріміз» тақырыбында отбасылық жолда жүру байқауы өткізілді.
8	Оқу орындары мен мектепке дейінгі мекемелерде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша ақпараттық инсталляциялар, инфографикалар орналастыруды қамтамасыз ету	Мектептің арнайы сайтында жүктелген
9	Демалыс қарсаңында қаланың барлық оқу орындарында "қауіпсіз демалыс" акциясын (конкурстар, викториналар және т. б.) өткізу)	Жоғары сынып оқушылары арасында «Ашық алаң» тақырыбында дебаттық турнир ұйымдастырылды
Аппараты замет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл		
0	Іс-шараларды БАҚ-та, мектеп сайтында, әлеуметтік желі беттерінде жариялау	Ақпарат мектептің инстаграм парақшасында жарияланып, кейбір ақпараттар хаттама түрінде алынды

Жыл бойы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес жұмыс істеді, отырыстар үнемі өткізіліп, нақты шешімдер қабылданды. Алдын алу кеңесі айына бір рет өткізіледі. Үш жыл құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша өткізілген кеңестердің саны:

№	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	1	2	2

Оқушылар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар оң нәтиже берді. 2021 – 2022 оқу жылының қорытындысы бойынша кәмелетке толмағандар арасында қылмыс жоқ.

№	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	0	0	0

Мектеп психологы психологиялық тексеру, оқушыларды мазасыздану деңгейіне тестілеу жүргізді. 8-9 сынып оқушылары арасында "зорлық-зомбылықтың жасөспірім тұлғасын қалыптастыруға әсері" тақырыбында дәріс өткізді.

Мектепте оқушылар арасында суицидтің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мектепте қолданылатын суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы да оң нәтиже берді.

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Әрекеттер саны	0	0	0

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Әр жыл сайын №81 «Astana English school» мамандандырылған гимназиясында мектеп жанынан құрылған жазғы «AES SUMMER CAMP» лагері жұмыс жасайды. Бұл лагерьдің ерекшелігі әр жыл сайын белгілі бір тақырыпты қамтитын бағдарламаға құрылады. Тіл үйрену лагері сағат 08.30-17.30 аралығында жұмыс істейді. Топ оқушыларының жасы -Kids: 6-7 years old, Juniors: 8-10 years old, Tweenagers and teens: 11-14 years old. «AES SUMMER CAMP» тіл үйрену лагері толық күндік, онда қосымша көптеген үйірме жұмыстары жүргізіліп отырды. Әр күн сайын шет ел мамандары лагерь оқушыларымен түрлі қызықты тақырыптармен ағылшын тілінде сабақтар, ойындар өткізді. Әр күн сайын сайыстар арқылы оқушылардың ағылшын тілдік дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлеміз. Лагерьде 7 отряд жұмыс атқарды.

1. SUNSHINE
2. DYNAMITE
3. TWIX
4. SMILE
5. AES STARS
6. PEACEKEEPERS
7. INCREDIBLE TEENS

Әр отрядқа 18 оқушыдан қабылданып отырды. «AES SUMMER CAMP» лагерінде түрлі ойындар, экскурссиялар, шығармашылық байқаулар ұйымдастырылды.

Күшті жағы	**Әлсіз жағы**

Ұлттық , мемлекеттік ,кәсіби мерекелерге арналған іс-шаралардың өз деңгейінде жоспарға сәйкес жүргізілу жүйелілігі. 2.Тәрбие үдерісінің барлық нормативтік құжаттарының әкімшілік тарапынан номенклатураға сәйкес толық жинақталуы. 3.Тәрбие жобалары : Дебат, «Отбасы – мектеп»; «Құқықтық сана – қауымға пана»; «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» , «Музей сабақтары»; «Театр сабақтары» жобасы өз деңгейінде жүргізілді. 4.Тәрбие бағыттары бойынша «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбие», «Ұлттық тәрбие», «Отбасылық тәрбие, экологиялық тәрбие», «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі», «Дене шынықтыру, салауатты өмір салты» іс шараларын сынып жетекшілерінің жауапкершілікпен белсене араласуы	Тәрбие жобалары бойынша мектептің өзін-өзі басқаруы, «Оқуға құштар мектеп» , «Еңбек – елдің мұраты», «Қоғамға қызмет» , ТЕД х жобалары және орта буындағы Дебат жұмысын және «Адал ұрпақ» клубы, «Жас сарбаз» балалар қоғамдастығы жұмысын жандандыру қажеттілігі . 2. Тәрбие бағыттары бойынша «Рухани-адамгершілік тәрбие», «Еңбек және Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие іс-шараларын жүйелеу. 3. Психологиялық қызмет және сынып жетекшілерінің өзара іс-қимыл әрекеттеріндегі орын алған олқылықтар.Сыныптың әлеуметтік ахуалына зерттеу,сараптау жүргізудегі кемшіліктер. 4.Әлеуметтік қызметті ұйымдастыруда ата-аналар, оқушылар,мектеп мұғалімдері үшін кеңестер,диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру .
Қауіптер	**Мүмкіндіктер**
1.Тәрбиелік іс-шараларға орта буын оқушыларының қызығушылығының төмендеуі. 2.Кибербуллинг қауіпсіздігі,әр түрлі жағдаяттардағы оқушылар қауіпсіздігі,электронды темекі зияны туралы ақпараттандыру және жекелеген жұмыстар жүргізу,мектеп формасының талапқа сай болуын үнемі бақылауда ұстау.	1.Сынып жетекшілерінің функционалдық міндеттерін жақсы деңгейде атқаруы. Өз тәжірибесімен шығармашылық орта қалыптастыруға мүмкіндік бар. 2.Қосымша білім беру орталықтарында түрлі үйірмелерге қатысатын оқушылардың мектеп бойынша 50 пайыздан артық қамтылуы . Осы оқушылар базасын пайдалана отырып,сынып жетекшілері тарапынан түрлі инновациялық жобаларды жүргізуге тарту. 3.Сындарлы диалог және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу тәсілі және дауларды шешуде мектеп медиация қызметін енгізу.

2021-2022 оқу жылының тәрбие үдерісіне свод талдама жасау негізінде төмендегі проблемалық мәселелер анықталды:

- Сынып жетекшілері тарапынан ата-аналармен өзара байланыс кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастықтың әлсіздігі;
- Өзін-өзі басқарудың инновациялық жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі –шығармашылық , ұжымдық және жеке формаларын дамыту.Осы тұрғыдан алғанда көшбасшы оқушылардың бірлескен ынтымақтастығын жүйелі қалыптастыра алмауымыз.
- Қазіргі білім беру жүйесінде психологиялық қызмет қажетті құрамдас бөлікке айналды. Педагог-психологтармен білім алушыларды оңалту,түзету және басқа да психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек көрсету жұмыстарын жандандыру;

Шешу жолдары :

- Мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыруда ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толық тарту, ата-аналарды тәрбиелеу әдістерімен, балалардың

физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныстыру, ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысы (үйірмелер, секциялар, клубтар, тренингтер, сапарлар), балаларды тәрбиелеу деңгейін бірлесіп бағалау, ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысуы.

- Өзін – өзі басқарудың инновациялық жүйесін жүйелі жүргізу. Сыныптардағы өзін-өзі басқару: сынып жиналысы, сынып активі, жұмыс секторлары. Мектептің өзін-өзі басқаруы:мектеп активі. Жалпы мектептік оқушылардың өзін-өзі басқаруы: жоғары сынып оқушыларының Кеңесі . Жалпы мектептік өзін-өзі басқару: мектеп кеңесі: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер. Жалпы мектептік конференция.
- Сынып жетекшілері мен мектеп психолгі ,әлеуметтік педагог,пән мұғалімдері бірлесе отырып сыныпты зерттеу арқылы ,әр оқушыға жекелеген диагностика жүргізуді жүйелеу

Қорытынды ұсыныс:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әр сынып жетекші ата-аналармен бірлесе отырып , кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға арналған тәрбиелік шараларды айына 1 рет жоспарлау . Кітапхана тарапынан 20 минуттық оқу сағатын жүйелі ұйымдастыруды жалғастыру. Әр сынып кабинеттерінде буккросинг бұрышын ұйымдастыру.
- Орта буын 5-7 сыныптар арасында «Дебат» ұшқыр ой алаңына қатысушы оқушылар санын көбейту . Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыруға қолдау жасау.
- Сыныптың әрбір оқушысының қызығушылығын ескере отырып, үйірме жетекшілерімен бірге жүйелі жұмыстар жүргізе отырып нновациялық жобаға тарту. ӘНХ көрсетілген міндетті жобаларды негізінде сынып жетекшілері жыл көлемінде іс-шаралардың әр түрлі формаларын сапалы жүргізу.
- «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы жұмысын жандандыру және ерлік сабақтары арқылы оқушылардың Отансүйгіштік қасиетін дамыту.
- «Домбыра» , « Шахмат» , «Экологиялық мәдениет» , «Адал ұрпақ» үйірмелерінің жұмысы басты назарда ұстау және іс-шараларға қатысу деңгейін арттыру.
-

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралардың орындалу туралы жылдық

САРАПТАМА

2022-2023 оқу жылына ҚР Білім және ғылым министрлігінің жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу Тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құндылықты,рух-жігері шыңдалған әлеуметтік жағынан белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай тудыру және басымдылықтың бағыттарын айқындау:ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым білімді орта дайындау арқылы оқушылырды танымдық және шығармашылық әрекетке жеке тұлға ретінде өзін- өзі дамыту; өзін-өзі танытуын ұйымдастырудың кешенді шараларын жасауды қамтамасыз ету.

Міндеттері: Оқушылардың тәрбие жүйесінде құқықтық- нормативтік базасын жетілдіру; қазіргі әлеуметтік- мәдени жағдайды және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа құндылықтарын ескере отырып, білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің жаңа моделін жасау; оқушы жастар мен балалардың ұлттар мен ұлыстар арасында жоғары деңгейде қарым-қатынас жасау мәдениетін көтеру; балалар арасындағы қаңғыбастық пен бақылаусыздық әрекеттерінің алдына-алу жүйесін жетілдіру әрі оқушылар бойындағы жағымсыз әрекеттерге қарсы тұру қаблеттерін арттыру; оқушылардың арасында діни экстремизмге шалдығудың алдын алу шараларының тұтас жүйесін жетілдіру;тәрбиесі өте қиын оқушыларға психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету; Тәрбие жұмысына ата-аналардың қатысуына қолдау жасау мақсатында педагогикалық ынтымақтастықтың тиімді жүйесін дамытуды қалыптастыру.

Гимназияда 1119 оқушы бар. 1-11 сынып аралығында 53 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 24 сынып, 5-9-сыныптарда 21 сынып, 10-11-сыныптарда 7 сынып компелктісі бар.



2022-2023 оқу жылында мектепте келесі санаттағы балалар оқыды:
Қамқоршылықтағы балалар – 0 адам
Аз қамтылған отбасы балалары – 0
Көп балалы отбасы балалары – 128 адам
Толық отбасы балалары- 1076 адам
Толық емес отбасы балалары – 43 адам
Мектепішілік бақылауда оқушы жоқ

Тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізіліп, отырыстар, мұғалімдер кеңесі, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі арқылы ғылыми-әдістемелік негізде формалар мен әдістер таңдалды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, қызықты адамдармен акциялар мен кездесулер сияқты оқушылармен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Мектепте оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке басының өзін-өзі танытуына жағдай жасалып, үйірмелер, спорттық секциялар, жобалық іс-шаралар таңдалып, 2022-2023 оқу жылына жоспарланған барлық шаралар жүзеге асырылды.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтықтәрбие бағыты

Жыл сайын бұл бағытта ұстаздар қауымы ауқымды жұмыстар атқаруда. Ең бастысы- Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметті аптаның әр дүйсенбісінде ҚР мемлекеттік Гимнді орындаудан бастап, оқушылардың Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігн арттыруда бірнеше шаралар өткізілді.

Білім күніне орай «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны өткізіліп, барлық сынып шараға қатысты. Салтанатты жиыннан кейін барлық сыныптарда **«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары әр сыныпта жоғары деңгейде өткізілді. Сынып жетекшілердің сынып сағаттары мұқият ойластырылған, осы тақырып бойынша материал қызықты таңдалғанын атап өтуге болады.

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңын іске асыру мақсатында жүзеге асыруда қыркүйек айында А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай іс шаралар ұйымдастырылып, «5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне арналған мерекелік концерт, «Тілім менің- ғасырлардан аманат» ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие жұмысының біріншісі білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» қойылған. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралады.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубын құру туралы директордың бұйрығы шықты. Клуб құрамына 5-11 сыныптардан

15 оқушы, 5 сынып жетекшісі және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кірді. Клуб жұмысын үйлестіруге жауапты болып аға тәлімгер Г.Шайзада тағайындалды.

Клуб жұмысы келесі секциялар бойынша жүргізіледі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы; мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы. Клубтың жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады. Мектепте ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Адал ұрпақ «Шынайы және сатылмайтын еңбек» тақырыбында оқушылар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Құқықтық білім берудің маңызды міндеті - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау. Оқыту мен тәуекел факторларының, түзеу-ағарту жұмыстарының, жасөспірімдердің мектептен бос уақытында жұмысқа орналасуын қамтамасыз етудегі проблемаларды анықтау диагностикасын қамтуы тиіс. Осы бағытта 6-8- сыныптар арасында «Құқықтық сана-қауымға пана» дөңгелек үстел өткізілді. Жыл бойы мектеп инспекторымен бірлесе отырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен кездесулер, әңгімелер өткізілді. Осы жұмыстардың жүйелі жүргізілуі нәтижесінде гимназияда мектепішілік есепте, тәуекел тобында және т.б. есепте тұрған оқушы жоқ.

Ұсыныс:

1. «ҚР-ның мемлекеттік рәміздері» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арттыру;
2. Мектепте «ҚР-ның мемлекеттік рәміздері» және патриоттық тәрбиені одан әрі оқушыға жеткізу мақсатында жұмыстарды қайта жаңғырту.
3. Жоспарланған шаралардың уақытында өткізілуін қатаң қадағалау.

Террористік акт және діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстары

Өткізіліп отырған іс-шараның мақсаты: оқушылардың адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу; оқушылардың діни көзқарасын қалыптастыру; оқушыларға «экстремизм», «терроизм» ұғымдарын қалыптастыру. Осы мақсатқа сүйене отырып гимназияда діни-экстремизмнің алдын-алуға байланысты жоспар құрылып мына төмендегі жұмыстар жүргізілді. Діндерді зерттеу орталығының ақпараттық түсіндіру жұмыстары бөлімінің менеджерлері «Әлеуметтік желілердегі экстремизмнің алдын алу жолдары және зайырлылық түсінігі» тақырыптарында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, 10-11 сыныптарға жылына 3 рет дәріс оқыды. 6-11 сынып оқушыларымен «Діннің рухани байлығы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Сондай-ақ «Діни экстремиз дегеніміз не? » тақырыбында 9 -11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтті. Оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір –түкпірінде болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды. Сонымен қатар оқушыларға мектеп инспекторы «Хиджап, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сақал қою,орамал тағу» мәселелеріне байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады. Дүние жүзінде діндердің таралуы бойынша біраз мәліметтер беріліп отырады. Сонымен қатар 5-11 сыныптардың сынып жетекшілері сынып сағаттарында «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» атты бейнефильмдер көрсетіліп отырады. «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» мақсатында мектепте әртүрлі іс-шаралар жасалып отырады. Қорытындылай келгенде планетадағы тіршілік прогреске құрылған, әлем ертенге деген үлкен үмітпен өмір сүруіміз керек екендігін білдірдік. «Терроризмге жол бермейміз!» -деген ұранмен іс-шаралар өткізіп отырамыз.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша оқу жылының басында «Мектепке жол» қамқорлық акциясы жоғары деңгейде өткізіліп, аз қамтылған отбасыға көмек көрсетілді. Қазан айында «Адамзаттың ұлы ұстаздары» тақырыбында 11-сынып оқушылары мен Мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен мерекелік концерт ұйымдастырылды. Шара өте әсерлі өтті. Қазан айында «Мейірбандық – адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» акциясы, «Қыз балаларға жыныстық тәрбие беру және жеке бас гигиенасы» тақырыбында гинеколог маман және мектеп медбикесімен біріккен дөңгелек үстел оздырылып, жыныстық тәрбиенің алдын-алуда қыздарға сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар мектебіміздің Жас Ұландары мектеп айналасында тұратын қарттардың үйлеріне барып қолғабыс етіп келді. Желтоқсан айында «Қош келдің жаңа жыл»

тақырыбында жаңа жыл мерекесі өте жоғары деңгейде өткізілді. Оқушыларға көңілді мереке сыйлау бағытында мұғалімдер мен ата-аналар рөлдік кейіпкерлерге еніп, бірігу нәтижесінде мектеп оқушыларына кермет кеш сыйлады. Алғыс айту күні –Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған. Алғыс айту күні-күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп,қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні Мектебімізде Ұстаздарға арнап Мектеп ұжымына арнап Алғыс айту күнін өткіздік.

Қорытынды: рухани-адамгершілік бағыттағы шаралар жоспарға сай өткізіліп, тәрбие сағаттары мен шаралар барысында оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасуға ықпал етілді.

Ұлттық тәрбие гимназияның тәрбие жұмысы жоспарының бір бағыты.

Әрбір ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Осы тұрғыда 2022-2023 оқу жылында атқарылатын жұмыстарға қойылған тәрбиенің мақсаты: ұлттық құндылықтарға жеке құрмет көрсету, туған және мемлекеттік тілдерді құрметтеу, қазақ халқының мәдениеті, этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу.

Жоспар бойынша «М.Мақатаевтың туған к.ніне орай» әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Оқушыларға ұлттық тәрбие беруде Наурыз мерекесінің өткізілуі үлкен рөл атқарады. Гимназияда Наурыз мерекесі ата-аналар, оқушылар және гимназия ұжымының қатысымен жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, өткізілді.

Ұлттық тәрбие негізі **отбасынан** басталады. Осы тұрғыда әр сынып жетекшісі ата-аналармен де жұмыстар жүргізеді. Отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері; туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, сана-сезім, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер туралы сынып жетекшілері балаларға түсініктер беріп отырады. Осы өткізілген шаралардың арқасында оқушыларымызды өз еліне деген мақтаныш сезімінің көрінісі және этникалық сәйкестілік, туған және мемлекеттік тілдерді білу; өз халқының мәдени мұрасы; қазақ және оның халқының салт-дәстүрлері; Қазақстанның этномәдениеті; этносаралық татулық пен келісім туралы білімдері қалыптасады. «Отбасы тәрбиесі» бағыты бойынша да көптеген шаралар ұйымдастырылып, жүйелі түрде өтті.

Ұсыныс:

-отбасымен ынтымақтастыққа көбірек көңіл бөлу.

- дәстүрлі емес ата-аналар жиналысын, әр түрлі таным сағаттарын өткізу;

-Әкелер кеңесімен және «Аналар мектебімен» ынтымақтастықты жалғастыру, бірлескен іс-шаралар жүргізу

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Оқушыларды адам және табиғат бойындағы сұлулықты сезіне білуге, туған өлкесіне, өз туған жерін сүюге, ел байлығын қорғай білуге тәрбиелеу Еңбек және экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша 1-11-сыныптарда «Еңбек елдің мұратыі» атты тәрбие сағаттары, «Мен бизнеске қалай келдім?» атты қала кәсіпкерлерімен кездесу өткізілсе, «Табиғатты аялау-өз қолымызда» тақырыбында экологиялық сенбіліктер оздырылды. Сондай-ақ «Алтын күз» апталығы «Қолөнер» байқауы, «Суреттер» байқауы, «Алтын күз» кеші жоғары деңгейде өткізілді. Қыркүйек айында «Біздің таза көше» атты акция өтті. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын, экологиялық дамуын қалыптастыру мақсатында ай сайын мектеп айналасында тазалық жұмыстары, яғни сенбіліктер өткізілді. «Мектебіме бір гүл» ұранымен сынып бөлмелеріне гүлдер қойылып, тазалық жұмыстары жүргізілді.

Зияткерлік тәрбие мен ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылықты орната отырып 1-11 сыныптарда жоспар бойынша тәрбие шаралары сынып сағаттары өтуде. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін,көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін етіп 9 «А» сынып оқушысы Замантай Сұлтан сайланды. Оқушылардың өзін –өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологы үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» интеллектуалды ойыны, 5-11 сыныптарда «Ойлы болсаң, озып көр», «Білім биржасы» зияткерлік ойындары, «Ұлт тәрбиесінің

қайнар көзі - кітапхана» дөңгелек үстел, «Ғаламторсыз өмір мүмкін бе?» 9-11 сыныптар арасында «Қауіпсіз интернет» тақырыбында ақпараттық сағаты өтті.

Ұсыныс:

1.Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту қамтамасыз етілсін.

2. Жоспарланған шаралардың уақытында өткізілуін қатаң қадағалау

Салауатты өмір салты бағыты бойынша қыркүйек айында спорттық шаралар жоспары бекітіліп, жұмыс жоспар бойынша өткізілуде. «Денсаулық күні» мектепішілік спорттық жарыстар өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттауды тәрбие үрдісіне енгізуде сыныптарда «Денсаулық» сабақтары жүргізілді. «Тиімді және үйлесімді тамақтану – денсаулықтың кепілі» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, бұрыш ұйымдастырылды. «Өмір қауіпсіздігі» сабақтары, «Темекі шегу мен нашақорлықтың алдын алу» бойынша іс-шаралар жүргізілді. Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға тәрбиелеу, жаман әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында оқу жылының басында гимназия оқушыларына қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

Ұсыныс:

1. «Шаңырақ» қауымдастық мүшелерінің жұмысы жүйеге келтірілсін;
2. сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жұмысы жандандырылсын;
3. «Жас Ұлан» ұйымының және «Сенім орталығының» жұмысы жандандырылсын;

I.Сынып жетекші

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарады. Сынып жетекшіге көмекші тьюторлар қызмет етеді.

Мектепте сынып жетекшілер бірлестігі жұмыс жасайды. Жетекшісі Примова Тұрдыгүл Хамитовна.

Оқу жылында сынып жетекшілерінің әдістемелік отырыстары өткізілді.

1. 2022-2023 оқу жылына сынып жетекшілерінің әдістемелік жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру.
2. Оқуға деген мотивация – табысты оқудың басты шарты.
3. Ақпараттық-коммуникациялық білім беру ресурстарын пайдалану.
4.Педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша қызметінің нәтижелері.

Сынып жетекшілер үнемі тәжірибе алмасып отырды. Оқу-тәрбие жұмысында өзін-өзі тәрбиелеудің белгілі бір тақырыбын таңдап алып, осы тақырыптан бастап, өзіндік тәрбие жоспарын құрды. Сынып мектептегі педагогикалық кеңес жұмысына, әдістемелік кеңестерге белсенді қатысып, баяндамалар жасады. Барлық сынып жетекшілері өз әзірлемелерін тәрбиешілердің түрлі сайттарында жариялауды жалғастыруда, байқауларға, мектепішілік және қалалық іс-шараларға белсенді қатысты. Ұстаздар мен оқушылар еңбегінің көрсеткіші түрлі деңгейдегі шығармашылық байқаулардағы жүлделі орындар болды.

Сынып жетекшілермен жұмыс тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылады. Жыл соңында сынып жетекшілердің жұмысы бақылауға алынды. Барлығы 53 сынып комплектісі бар, оларда 91 сынып жетекшілері бар. Мониторинг нәтижесі бойынша сынып жетекшілерінің 47%-ы сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына жоғары деңгейде қатысуын көрсетті.

«ЖасҰлан», «Жас қыран» мектептік өзін-өзі басқару жұмыстары

Жоғары сынып оқушыларының кеңесі түріндегі оқушылардың өзін-өзі басқаруы жыл сайын жұмыс істейді. Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмысы сынып жетекшілерімен, педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста, аға тәлімгер Г.Шайзаданың жетекшілігімен өтеді. Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет «Сыртқы келбет», «Оқушылардың сабаққа қатысуы», «Оқу құралдарының сақталуы», «Үлгілі күнделік» рейдтері өткізіледі. Әр бейсенбі сайын еңбек десанты болады. Үлкен үзілістерде жоғары сынып оқушыларының кеңесі 1-4 сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастырады. Жоғары сынып оқушыларының кеңесіне 8-11 сынып оқушылары кіреді.

Жоғары сынып оқушыларының кеңесі мектепішілік түрлі іс-шараларды (мерекелер, акциялар) дайындауға және өткізуге белсенді қатысады. Сценарийлерді әзірлеуге өз идеяларын жеткізеді.

Мектебіміздің оқушылары белсенді қатысып, алғыс хаттармен ынталандырылған қалалық іс-шаралар мен жарыстар жоғары сынып оқушыларының кеңесінсіз өтпейді. Ай сайын жоғары сынып оқушылары кеңесінің отырыстары өткізіліп, онда ұжымдық іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері талқыланып, идеялар ортаға салынып, сценарийлер әзірленеді.

2022-2023 оқу жылының басында жаңа орта мектеп оқушылары кеңесі құрылды. Алғашқы отырыста өзін-өзі басқару мүшелері оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысып, өзін-өзі басқару мүшелерінің арасында міндеттер бөлінді.

Жоғары сынып оқушылары кеңесі жұмысының оң нәтижелері

Қыркүйек айында Денсаулық күні өткізілді, оған мектептің барлық оқушылары қатысты. Ал бұл шараның ұйымдастырылуы мен безендірілуін «Жас Ұлан» ұйымымен бірлесе отырып, жоғары сынып оқушылары кеңесі жүзеге асырды. Сондай-ақ қыркүйек айында мектепте жол қозғалысы ережелерінің онкүндігі өтті, онда жоғары сынып оқушыларының кеңесі ЖИД отрядымен бірлесе отырып, барлық іс-шараларға белсене қатысты.

Қазан айында жоғары сынып оқушыларының кеңесі осындай мерекелерді дайындады: Мұғалімдер күні, Күз аруы байқауы. Мұғалімдер күні жоғары сынып оқушыларының кеңесі Мектеп мұғалімдеріне мерекелік концерт әзірленді. Жыл сайын өтетін «Күз аруы» байқауына келсек. «Күз аруы» байқауы жыл сайын интеллектуалдық және эстетикалық тұрғыдан креативті түрде өткенін атап өткен жөн. Желтоқсан айы оқиғалардың көптігімен сипатталады. Осы мерекелерді дайындауға және ұйымдастыруға уақыт өте аз болғанымен: ЖИТС-ке қарсы күрес күні, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, жалпы күштер (кеңес) жоғары сынып оқушыларының «Жас Ұлан», Жас Сарбаз сыныптары) барлығы уақытында және өз деңгейінде дайындалып, өткізілді. ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай сурет салу және қабырға газеті байқауы өткізілді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу кең көлемде және өте патриоттық деңгейде өтті.

Жылс бойы тәрбие жұмысы бойынша мектеп оқушылары түрлі байқауларға қатысып отырды.

1	**Байқаудың тақырыбы**	**Неше оқушы қатысты**	**Аты – жөні**
1	«Махамбет тарихи тұлға» Махамбет Өтемісұлы оқулары	5	1. Иманғалиева Самира 2, Мырзамсейт Расул 3.Мукушев Бекасыл 4. Таукен Баймырза 5. Нуртаева Дария
2	«Сөз шебері» жүргізушілер фестиваль-байқауы	1	Бағдатшова Айдана
3	«Көңілдің асыл пернесі» шығармашылық байқауы	2	1.Қабибол Ердос 2. Ғалымбек Айлун
4	«Шаттық -2023» шығармашылық байқауы	32	1. Молдабай Бейбарыс 2. Оралбек Абылайхан 3.Сейдахмет Шұғыла 4. Исмағұл Адия 5. Абылкасова Аружан 6. Омаров Райымбек 7. Ғалымбек Айлун 8. Рысбекова Айгерим 9. Оспан Мерей 10. Хафиз Адия 11. Жеңісқызы Диляра 12.Синчева Айлин 13.Алтынбекқызы Ясина 14.Керкеева Айым 15. Абдуллаева Айзере 16. Абилкаирова Айсана 17. Богданова Айя

			18. Альмахан Айзара 19. Дүйсебек Айғаным 20.Молдақасым Айым 21. Муратова Асем 22. Мурат Лаура 23.Хамит Мариям 24.Көкенай Әмина 25. Ибрагим Наиля 26.Базарбай Айсұлтан 27.Байанбаева Биханым 28. Ибраhим Амира 29. Арыстанбекқызы Бибінұр 30. Абылханова Аруана 31.Мелдебек Ақбота 32. Абзал Эльдана
5	«Рахмет саған туған ел» патриоттық әндер байқауы	4	мектеп ұлдары мен әкелері
6	«Күмбірлеген домбыра»	1	
7	«Біз Астана бойынша жүреміз» атты үздік экускурсиялық жаяу жүру қалалық конкурсы	15	9-10-сынып оқушылары
8	«Жас құтқарушы» слеті	5	9- сынып оқушылары
10	Гимнастикадан «Изумруд» чемпионаты	1	Ислам Алиша
11	«Мир талантов» ән байқауы	4	1. Талғатқызы Айзере 2, Оразбек Айдана 3. Исмагулова Еркежан 4.Ержанқызы Раяна
12.	Гимнастикадан «Baby cup 20-23» чемпионаты	1	Арыстанбекқызы Бибінұр
13	«Жүздің бірі шешен» интеллектуалды сайысы	1	Рамазан Әділжан
14	«Менің елім» патриоттық ән байқауы	1	Марат Лаура
15	Петропавл қаласында өткен көркем гимнастикадан ашық чемпинат	1	Арыстанбекқызы Бибінұр
16	«Ақберген» өнер байқауы	1	Замантаева Динара
17	Республикалық балалар оқулары	2	1. Ергалиева Аделя 2. Қабибол Ердос
18	«Ұлы Дала қоңырауы» байқауы	1	Бағдатшова Айдана
19	«Құтты білік» оқулары	1	Асылбекқызы Аймарал
20	«Көктем жұлдыздары» гимнастикадан ашық кубок чемпионаты	1	Арыстанбекқызы Бибінұр
21	«Жүздің бірі шешен» интеллектуалды сайысы	1	Рамазанов Әділжан
22	II қалалық «Жас екпін» домбырашылар байқауы	1	Оралбек Абылайхан
23	«Amore Vita Cup-2023» байқауы	1	Латкен Аляуддин

24	«GCC GRAND SERIES OG RG DUBAI 2022» көркем гимнастикадан Халықаралық чемпионаты	1	Арыстанбекқызы Бибінұр
25	«Сарыарқа Толқыны» жарысы	1	Қабдолла Адия
26	«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» Республикалық М.Жұмабаева оқулары	1	Қазбек Адина
27	«Сұлу сөздіңь сүлейі» Республикалық І.Жансүгіров оқулары	1	Имангалиева Самира
28	«Best Debater» дебат турнирі	1	Замантаева Динара
29	«Ұлы дала ұрпағы» қалалық байқауы	6	1.Оспанов Алимхан 2. Абишева Айғаным 3. Мырзамсейт Расул 4. Есенгельдин Асланби 5. Иманғалиева Самира 6. Серіккали Абдурахман
30	«Сәулет өнері болашақта» қалалық байқау	1	1.Серіккали Абдрахман
31.	Қалалық үстел теннисі турнирі	1	1.Сереке Сұлтан
32.	«Күмбірлеген домбыра үні»	1	1.Тұрар Амира
33.	«Күй қайнары» қалалық байқауы	1	1.ИсмағұлАдия
34	«Асыл мұра» қалалық байқауы	1	1.Қамбарбек Алтынай
35.	«Асыл мұра» қалалық байқауы «дәстүрлі ән» номинациясы	1	1.Қабибол Ердос
36.	«Қазақ тілін құрметтейік» қалалық байқауы	1	1.Богданова Айя

Бір жыл ішінде атқарылған жұмыстарды саралай келе, 2022-2023 оқу жылына төмендегідей қорытынды жасауға болады.

Күшті	**Әлсіз**
1. Құқықбұзушылықтың болмауы; -сынып жетекшілерінің балаларды іс-шараларға дайындауға жауапкершілікпен қарауы 2. Бастауыш сынып пен орта буын оқушыларының спорттық іс-шараларға, акцияларға қатысуға, мектеп үйірмелерінің жұмысына деген үлкен қызығушылықтары мен ұмтылысы; 3.Әр түрлі шараларға мектеп мұғалімдері, ата –аналардың, мектеп әкімшілігінің белсенді көмектесуі; 4. Іс –шараларды ұйымдастырудағы әр түрлі әдіс- тәсілдердің таңдалынуы;	1.Тәрбие жобалары бойынша Дебат жұмысын және «Адал ұрпақ» клубы, жұмысын жандандыру 2.Сынып жетекшілер мен оқушылардың жобаларға толық қатыспауы 3.Сыныптың әлеуметтік ахуалына зерттеу,сараптау жүргізудегі кемшіліктер. 4. «Жасұлан» ұйымына тартылған мектеп оқушыларының санын арттыру
Қауіп	**Мүмкіндік**
1.Кибербуллинг қауіпсіздігі,әр түрлі жағдаяттардағы оқушылар қауіпсіздігі, электронды темекі зияны туралы ақпараттандыру және жекелеген жұмыстар	1.Мектепте өзара жауапкершілік, өзара көмек, бастамашылық, салауатты бәсекелестік және ынтымақтастық сияқты ұжымдық қатынастарды тудыратын іс-шараларды ұйымдастыру.

жүргізу,мектеп формасының талапқа сай болуын үнемі бақылауда ұстау.	

Қорытынды:

- Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы алғанда, ұстаздар қауымы алға қойылған міндеттерді орындағанын атап өту керек. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық оқу-тәрбие іс-шараларын үйлестіру, олардың педагогикалық мақсатқа сай болуы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттерді үйлестіру мектептің оқу-тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұл әр түрлі жетістіктер деңгейінен көрінді.



Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы
№81 «Алаш Тәуелсіз мектебі» мемлекеттік мекемесінің

Бекітемін
Директор Д.Сәдуақасова
2021жыл "01 қыркүйек

2021-2022 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ

Педагогикалық кеңесте қаралды
Хаттама №1 2021 жылы "Д" тамыз

ТӘЖІРИБЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Тәрбие жұмысының міндеттері:

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына сапалы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, қоғамдық-экономикалық ілестерін қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, кәсіби-шығармашылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін ұлттық-мәдениетті қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында қоғамдағы ортаны құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өмірде және болмыста эстетикалық ұғымдарды қабылдау, меңгеру және бағалау қорларын дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау білімдерін ойлағыдай қалыптастыру үшін кешіктік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сыртқы елуші этнодин экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қанын тамған жерінде, өскен қылмы, қала мен өмірінде, ағын туған жерге дейін сүйіспеншілікпен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша ынтарлықпен ағсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды нәрселерінің бірі, ұлт атаған мәдени-генетикалық қоғам негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастыру-құқықтық ашық, Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік сезімін, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артын ешқуан деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арналы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық қызметінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында қоғамдағы ортаны құру, тұлғаның өмірдегі және болмыстағы эстетикалық ұғымдарды қабылдау, меңгеру және бағалау қорларын дамытуы;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойлау және кәсіби қалыптасуға сапалы қарым-қатынасын қалыптастыруы;

- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымы; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуі, өзіндігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруы, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға сапалы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жаңы мазмұны үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өзіндігімен шешім қабылдауға дайр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім берудің дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және мекеме түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы мәлеуіндегі құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиянды тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 қыркүйектегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өзін-өзін дамытуын тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Қазақстанда білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты мектеп шкалары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі ұсыныстар.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

